

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 523 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 тамыздағы N 883 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 523 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 6 т а м ы з д а ғ ы
N 8 8 3 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 7 м а м ы р д а ғ ы
N 5 2 3 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Алдыңғы жылдардың бюджеттері келер жылдардың бюджеттерін қалыптастыруға және атқаруға едәуір ықпал етеді. Ұзақ мерзімді кезеңде оларды

атқару тиімділігін барынша ұлғайту үшін бірнеше жылға есептелген тиісті іс-қимыл бағдарламасының болуы қажет. Мұндай бағдарламаның негізгі өлшемдерін мемлекеттік билік органдарының бюджет саясаты айқындайды. Экономикалық саясаттың бір бөлігі бола отырып, фискалдық саясат бюджет қаражатын қалыптастырумен және жұмсаумен байланысты құралдарды пайдаланады. Бюджеттік тетіктерді тарту туралы сөз қозғалғанда, кірістер мен шығыстар бойынша жеке-жеке емес, тұтастай жоспарланып отырған нәтижеге ықпал етуге қабілетті барлық ықтимал факторларды барынша ескеру қажет. Сондықтан экономикалық міндеттерді мемлекеттік деңгейде шешу үшін мемлекеттік бюджеттендіру элементтерін, оларға фискалдық саясат деп аталатын бірыңғай тұжырымдама шеңберінде сүйене отырып пайдалану қабылданған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты (бұдан әрі - Орта мерзімді фискалдық саясат) Мемлекет басшысының "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" атты 2004 жылғы 19 наурыздағы және "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауларын ескере отырып, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарының жобасы (екінші кезең) (бұдан әрі - Әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарының жобасы), Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды көрсеткіштерінің және үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік реттеуіштердің болжамы, мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар мен басқа да стратегиялық және бағдарламалық құжаттар негізінде әзірленді.

Орта мерзімді фискалдық саясат әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттарын іске асырудың негізгі тетіктерін (тәсілдерін) - кірістер мен шығындар саясатын, бюджеттік кредит беруді, қаржы активтерін басқаруды, бюджетаралық қатынастарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқаруды қамтиды.

Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу мынадай мақсаттарға қол жеткізуге:

алдағы үш жылдық кезеңге арналған қолда бар ресурстар көлемін айқындауға ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің фискалдық стратегиясын және оның ағымдағы және келешектегі мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі жоспарларын белгілеуге ;

стратегиялық басымдықтарды іске асыруға арналған шектеулі бюджет ресурстарын бөлу жөніндегі шешімдерді қабылдауға ден қоюға; келешекте бюджеттің шектеулері мен мүмкіндіктерін барынша жақсы

е т у г е ;

Бұл құжатта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған фискалдық саясатының негізгі мақсаттары, міндеттері мен бағыттары айқындалған.

1. Әлеуметтік-экономикалық жағдай

Қазақстандық экономиканың қазіргі жай-күйі барынша қолайлы сыртқы экономикалық конъюнктурамен сипатталады, бұл экспортты, сондай-ақ аралық тұтыну тауарлары мен қызметтерін дамытуға оң ықпал етеді.

Металдар мен мұнайдың орташа әлемдік бағалары

[illegible]

та- биғи газ	брит. терм. бірл. млн.	4,06	3,05	3,91	3,87	3,92	4,06	4,28	5,49	5,69
би- дай (Ка- на- да)	долл/ тонна	151,5	175, 8	177, 4	189, 6	187, 7	183, 3	186,5	200, 8	195, 9
би- дай (АҚШ кат- ты сор- ты)	долл/ тонна	126,8	148, 1	146,1	164, 7	163, 2	158	156,9	151, 9	147
би- дай (АҚШ жұм- сақ сор- ты)	долл/ тонна	107,7	130	138, 6	156, 6	152, 1	145, 7	144,4	145, 4	138, 8

Көзі: Дүниежүзілік банк

2005 жылғы 1 жарты жылдықта тазартылған мыстың 1 тоннасының орташа әлемдік бағасы 2001 жылмен салыстырғанда 2,1 есе, металл мырыштікі - 1,5 есе, алтынның бір унциясыныкі - 1,6 есе, мұнайдың бір баррелінікі - 2 есе ұлғайды.

Қазақстандық экспорттың аса маңызды баптарына әлемдік бағаның биік деңгейі экспорттық пайданың өсуіне негіз болды. 1998 жылмен салыстырғанда 2004 жылы экспорттың номиналды ұлғаюы 3,7 есені, ал мұнай экспорты бойынша - 6,4 есені құрады. Бұл бағаның жоғары болуынан басқа осы кезеңде мұнай өндірудің 2,4 есені құрағанына байланысты. Қазіргі уақытта экспорт көлеміндегі мұнай үлесі 52,3%-ды құраса, 1998 жылы ол тек 27,4 %-ды құрады.

Экспортты дамытудың аталған қарқыны негізінен сыртқы экономикалық фактор есебінен қазақстандық экономиканың экономикалық әлеуетінің ұлғаю үрдісін сипаттайды. Сайып келгенде, бұл шағын экономика үшін дамудың дұрыс бағыты, алайда Қазақстандағы экспорт өсімі негізінен, шикізатты және оның бастапқы өңдеу өнімдерін жеткізу есебінен қамтамасыз етіледі.

1-диаграмма

Қазақстандық экспорттың 1998-2008 жылдарындағы серпіні

(қағаз мәтіннен қараңыз)

Көзі: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Кестеде көрсетілгендей, қазақстандық экспорттың сұлбасын мұнай сатудың серпіні айқындайды.

Соңғы жылдары экспорттың өсуі жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі - ЖІӨ) серпініне айтарлықтай әсер ете бастады. ЖІӨ көлемінің ұлғаюына баға факторының басып озу әсері 2003 - 2005 жылдардағы экономика дамуының ерекшелігі болып табылады. 2005 жылы 2004 жылмен салыстырғанда ЖІӨ-нің 22,3 %-ға, оның ішінде өндірістің табиғи көлемінің 8,8 %-ға өсуі, өндірілген тауарлар мен қызметтерге бағаның 12,5 %-ға ұлғаюы есебінен номиналды ұлғаюы болжанып отыр.

Елдегі макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің фискалдық саясаты мұнай мен металдардың әлемдік бағаларының жоғары болуынан алынған кірістерді ішкі айналымнан шығару жөніндегі шараларды іске асыруға бағытталған.

Шикізат экспортынан түсетін үстеме кірістердің барлығы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына (бұдан әрі - Ұлттық қор) шоғырландырылады, бұл ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қолдауға инфляция өсуінің жоспарланған өлшемдеріне қол жеткізуге, "голланд ауруы" туындауының, яғни, өндірістік құрылымның шикізаттық салалардың пайдасына "тоқырауының" алдын алуға ықпал етеді.

Мысалы, энергия жеткізгіштердің әлемдік бағасының айтарлықтай өсуі салдарынан елге шетелдік валютаның ағылуы кірістердің бір бөлігін Ұлттық қорға аудару есебінен ішінара тазартылды.

2-кесте

**Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімінің
2001-2004 жылдардағы серпіні және 2008 жылға дейінгі болжам**

	2001 есеп	2002 есеп	2003 есеп	2004 есеп	болжам			
					2005 баға- лау	2006	2007	2008
ЖІӨ, млрд. теңге	3250,5	3776,3	4612,3	5542,5	6780,0	8065,4	9183,8	10471,8
Ал- дыңғы жылға %-бен ЖІӨ- нің нақты өз- геруі	113,5	109,8	109,3	109,4	108,8	108,3	108,3	108,9
ЖІӨ деф-	110,0	105,8	111,7	109,9	112,5	109,8	105,1	104,7

лято- ры, %								
ЖІӨ- н ің номи- налды өсуі, млрд. тең- ге, ал- дыңғы жылға шақ- қан- дағы өсім		525,8	835,7	930,5	1237,5	1285,4	1118,4	1288,0
оның ішінде:								
тау- арлар мен қыз- мет- тер өнді- рісі- н ің таби- ғ и көле- мінің өсуі есе- бінен		318,2	352,0	432,5	487,7	562,7	669,4	817,4
тау- арлар мен қыз- мет- терге баға- ның өсуі есе- бінен		207,6	483,6	498,0	749,8	722,7	449	470,6

Көздер: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Көптеген факторлар ескерілетін экономикалық өсу факторларын - капиталды, еңбек ресурстарын және жалпы факторлық өнімділікті талдау 2000-2004 жылдары экономикалық өсу негізінен, капиталдың өсуі есебінен және аз

деңгейде жалпы факторлық өнімділіктің (бұдан әрі - ЖФӨ) өсуі есебінен қамтамасыз етілгенін көрсетеді.

3-кесте

Қазақстандық экономиканың өсу факторлары пайызбен

	2000 жыл	2001 жыл	2002 жыл	2003 жыл	2004 жыл (бағалау)	2000- 2004 жылдар
Капитал	3,4	5,9	8,4	7,6	4,4	6,0
Еңбек	0,6	2,8	0,1	1,5	0,9	1,2
ЖФО	5,8	4,8	1,3	0,2	4,1	3,2
ЖІӨ өсуі	9,8	13,5	9,8	9,3	9,4	10,4

Көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

2000-2004 жылдары экономикалық өсуге капитал факторының үлесі орта есеппен 6 %-ды, еңбек факторының үлесі - 1,2 %-ды құрады. Жалпы факторлық өнімділіктің өсу үлесі 3,2 % құрады. Қарастырылып отырған кезеңде экономикалық өсудің негізгі факторы негізгі капиталды ұлғайту болып табылды.

Экономикадағы негізгі қорлардың айтарлықтай тозуын ескерсек, осы даму кезінде бұл ақталған болып табылады. Уақыт өте келе дамыған елдер экономикасының өсуіне негізгі үлес қосатын жалпы факторлық өнімділіктің артуы негізгі өсу факторына айналуға тиіс.

Жалпы еңбек өнімділігі факторы экономикадағы еңбек өнімділігінің өсуін ғана емес, жүргізіліп жатқан құрылымдық реформаларды, адами капитал мен технологияларды пайдалану тиімділігін де көрсететінін айта кету қажет.

2000-2001 жылдары экономиканың өсуіне реформалардың әсері ерекше болды. 2002-2003 жылдары олардың тиімділігінің едәуір төмендеуі байқалды, бұл 2004 жыл қорытындылары бойынша айтарлықтай өсуге алмасты.

Негізгі капиталдың жинақталуы ұзақ мерзімді перспективада экономика өсуінің басты факторы бола алмайтынын ескерсек, жүргізіліп жатқан реформалардың тиімділігі, еңбек өнімділігінің, инновациялардың және адами капиталдың өсуі қазақстандық экономиканы дамытудың басты факторлары болады.

Халықаралық капитал рыноктарында жоғары ішкі сұраныс пен қарыз ресурстарының салыстырмалы төмен құны байқалуда. Бұл Қазақстанға шетелдік инвестициялардың едәуір көлемін тарту үшін басты ынталандыру болды. Бұл ретте, Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерінің жоғары бағасы қазақстандық қарыз алушылар үшін шетелдік капитал құнының төмендеуіне ықпал етті. Аса ірі халықаралық рейтингтік агенттіктер тұтастары республикаға да, қазақстандық жетекші банктерге де инвестициялық санатқа жататын

рейтингтерді

берді.

Экспорттық кірістердің күрт өсуі және қарыз капиталының ағылуы сияқты ішкі валюта рыногына жасалған қысымның салдары теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамының номиналды қымбаттауы болды - биржалық айырбас бағамы номиналды мәнде жыл басынан бері 9,3%-ға нығайып, 2004 жылдың соңында бір доллар үшін 130 теңгені құрады. Алдын ала болжамдар бойынша 2005-2008 жылдары орташа жылдық инфляция деңгейі 5-7% аралығында болады.

Ішкі рынокта валюта сатып алу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) халықаралық резервтері өсімінің негізгі көзі болды, бұл жыл бойы екі есе дерлік көбейді және 2004 жылдың аяғындағы жағдай бойынша 9,3 млрд. АҚШ долл. бағаланды. Халықаралық резервтердің бұл қоры тауарлар мен қызметтер импортын қаржыландырудың қажеттілігін 4,5 айдан астам қамтамасыз етеді.

4-кесте

Қазақстанның сыртқы секторының негізгі көрсеткіштері¹

	2000 жыл	2001 жыл	2002 жыл	2003 жыл	2004 жыл
Ағымдағы операциялардың шот сальдосы (млн.долл. ²)	366	-1390	-1024	-270	533
ЖІӨ-ге %-бен	2,0	-6,3	-4,2	-0,9	1,3
Тауарлар мен қызметтер экспорты (кезең үшін млн. долл.)	10341	10188	11567	14945	22604
ЖІӨ-ге %-бен	56,5	46,0	47,0	50,2	55,5
Тауар мен қызметтер импорты (кезең үшін млн. долл.)	8970	10579	11578	13306	18805
ЖІӨ-ге %-бен	49,0	47,8	47,1	44,7	46,1
Тікелей шетелдік инвестициялардың нетто-ағымы (кезең үшін млн. долл.)	1278	2861	2164	2210	5548
ЖІӨ-ге %-бен	7,0	12,9	8,8	7,4	13,6
Ұлттық Банктің					

халықаралық резервтері (кезең соңында млн. долл.)	2102	2508	3141	4962	9280
тауарлар мен қызметтер импорты айларда	2,8	2,9	3,3	4,5	4,5
Ағымдағы бағалардағы ЖІӨ (кезең үшін млрд. теңге)	2600	3251	3776	4612	5543
нақты өсу (%)	9,8	13,5	9,8	9,3	9,4
Мұнай мен газ конденсатының экспорты (млн. тонна)	27,7	32,4	39,3	44,3	52,4
Шикі мұнайдың әлемдік бағасы (баррель/USD спот, жылына орта есеппен)	28,2	24,5	24,9	28,9	37,7
KZT/USD биржалық айырбас бағамы (кезең үшін орта есеппен)	142,26	146,92	153,49	149,45	135,92
Нақты тиімді айырбас бағамы индексінің өзгеруі (өткен жылдың желтоқсанына %-бен)	2,5	-1,5	-7,4	-2,5	6,1

К ө з і :

Ұ л т т ы қ

Б а н к

¹ 2000-2003 жылдардағы ағымдағы операциялар шоты бойынша мәліметтер тауарлар импорты кезінде жалдау және сақтандыру жөніндегі шығыстарды есептеу әдістемесін нақтылау нәтижесінде мәліметтерді қайта қарау ескеріле отырып келтірілген.

² Осындай және бұдан әрі млн. АҚШ доллары.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының соңғы үш жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау экономиканың тұрақты жоғары даму қарқыны сақталған кезде орта мерзімді кезеңде сыртқы және ішкі рыноктарда

экономиканың шикізат емес секторларының бәсекеге қабілеттілігіне едәуір әсер етуі мүмкін жаңа үрдістер нақты көрініс бере бастады.

Қазіргі уақытта экономиканың "қызып кетуіне" жол бермеу ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары Қазақстан экономикасының дамуына ықпал ететін сыртқы факторлар айтарлықтай өзгерді. Бұл, ең алдымен, мұнай экспортының жоғары өсу қарқынына және мұнайдың, газ бен металдардың әлемдік бағаларының ұлғаюына, АҚШ долларының әлемдік валюта рыногындағы айырбас бағамының өзгеруіне, елге шетелдік капиталдың едәуір ағылуына байланысты.

Бүгінгі күні Қазақстан экономикасында экономиканың "қызып кетуінің" нақты қаупін айғақтайтын үрдістер белгілі болды. Бұл мұнай секторының экономикалық өсуге ықпалының ұлғаюы, инфляциялық процестердің жеделдеуі, сыртқы берешек пен екінші деңгейдегі банктердің кредит беру көлемдерінің шамадан тыс өсуі, ұлттық валютаның нақты нығаюы.

Ұлттық қор қаражатын есепке ала отырып, бюджеттің жалпы профициті мен мұнай кірістерін жинақтау үлесі азаюда ал мұнай емес сектордың тапшылығы өсуде. Соңғы жылдары мемлекеттік бюджет шығыстарының орташа өсу қарқыны номиналды ЖІӨ-нің өсу қарқынын басып озды.

Қазақстандық экономиканың шикізат емес салаларының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын (бұдан әрі - Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы) іске асыру қарқынын едәуір бәсеңдетуі, сондай-ақ шикізат салаларының пайдасына қарай экономика құрылымына келеңсіз әсер етуі мүмкін.

Экономиканың "қызып кетуін" болдырмайтын фискалдық саясат жүргізу мақсатында:

фискалдық саясаттағы негізгі өлшем ретінде пайдалануға болатын бюджеттің мұнай емес тапшылығы жөніндегі оңтайлы орта мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарларды айқындау;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасының жобасында көзделетін Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру мен пайдаланудың жаңа тетігін пайдалану қажет.

Макроэкономикалық тұрақсыздыққа жол бермеу және Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру жөнінде жүйелі шараларды жалғастыру үшін Орта мерзімді фискалдық саясат әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспары жобасының басты

міндеттерін іске асыруға:

2006-2008 жылдары орташа жылдық инфляцияның 7 %-дан жоғары өсуіне жол бермеуге;

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру жөнінде жүйелі шаралар жүргізуге;

телекоммуникациялар, энергетика және темір жол көлігі саласында монополиялық құрылымдарды қайта құрылымдауға; экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі қарқынды факторлардың үлесін арттыруға бағытталатын болады.

Бұл міндеттерді шешу Мемлекет басшысының "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" және "Қазақстан экономикалық әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына жолдауларын іске асыруға ықпал етуі тиіс.

Параграф 2. Мемлекеттік бюджетті атқару

2004 жылғы мемлекеттік бюджетті атқару қорытындылары бойынша бюджетке түсетін түсімдер ЖІӨ-ге 23,5 %-ды, оның ішінде кірістер - ЖІӨ-ге 23,2 %-ды, оның ішінде салықтық түсімдер - ЖІӨ-ге 21,4 %-ды, салықтық емес түсімдер - ЖІӨ-ге 1,5 %-ды, капиталмен жасалатын операциялардан түсетін кірістер - ЖІӨ-ге 0,3 %-ды құрады, кредиттер ЖІӨ-ге 0,3 % қайтарылды.

2004 жылы мемлекеттік бюджет шығыстары ЖІӨ-ге 23,9 %-ды құрады.

Мемлекеттік бюджет тапшылығы ЖІӨ көлемінің 0,3 %-ын құрады.

2005 жылы түсімдер ЖІӨ-ге 23,5 %-ды, шығыстар - ЖІӨ-ге 25,5%-ды, мемлекеттік бюджет тапшылығы ЖІӨ-ге 1,9 %-ды құрайды деп болжанып отыр.

Мемлекеттік бюджет көрсеткіштерінің 2003-2005 жылдардағы серпіні 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Мемлекеттік бюджет көрсеткіштерінің 2003-2005 жылдардағы серпіні ЖІӨ-ге пайызбен

Атауы	2 0 0 3 жыл есеп	2 0 0 4 жыл есеп	2 0 0 5 жылы бағалау
1	2	3	4
Түсімдер	22,2	23,5	23,5
Кірістер	21,8	23,2	23,3
Салықтық түсімдер	20,5	21,4	22,2
Салықтық емес түсімдер	1,0	1,5	0,7
Негізгі капиталды сатудан түсімдер	0,3	0,3	0,5
Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,4	0,3	0,2

Мемлекеттің қаржы активтерін түсетін түсімдер сатудан			0,1
Шығыстар	23,2	23,9	25,5
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету	1,4	1,5	1,5
Қорғаныс	1,0	1,0	1,2
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық атқару қызметі	2,0	2,1	2,2
Білім беру	3,3	3,5	3,9
Денсаулық сақтау	1,9	2,4	2,7
Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек	5,2	4,9	5,1
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	0,8	1,2	1,9
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	0,7	0,8	0,8
Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану	0,2	0,5	0,4
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	1,4	1,5	1,4
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	0,1	0,0	0,1
Көлік және коммуникация	1,8	1,9	1,9
Өзгелер	2,3	1,6	1,6
Борышқа қызмет көрсету	0,8	0,6	0,5
Ресми трансферттер	0,3	0,2	0,2
Бюджет тапшылығы (профициті)	-1,0	-0,3	-1,9
Анықтамалық : ЖІӨ, млрд. теңге	4612,0	5542,0	6780,0

Параграф 3. Бюджет жүйесін жетілдіру

2005 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі (бұдан әрі - Бюджет кодексі) қолданысқа енгізілгеннен бері бюджет процесін ұйымдастыру соның нормалары негізінде жүзеге асырылады.

Бюджет кодексінің қабылдануы орта мерзімді жоспарлаудың рөлін күшейтуге мүмкіндік берді және бюджет жүйесіндегі заңнаманы үйлестіруді қамтамасыз етті.

Елдегі экономикалық және бюджеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу практикасы тұрғысынан алдағы үш жылға арналған фискалдық саясат

мемлекеттің ұзақ мерзімді, орта мерзімді бағдарламалық құжаттарына сәйкес құрылатын болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясатын қалыптастыру

(**схеманы қағаз мәтіннен қараңыз**)

Бюджет кодексін іске асыру үшін 31 нормативтік құқықтық кесім, оның ішінде алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің және төтенше мемлекеттік бюджеттің жобаларын әзірлеу, сондай-ақ жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарын тіркеу және есепке алу, республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару тәртібін айқындайтын ереже қабылданды.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінім жасау және ұсыну ережесі қабылданған Бюджет кодексіне сәйкес келтірілді.

Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау, орындау және олардың орындалуын ішкі бақылау процесінде олардың тиімділігіне бағалау жүргізу тәртібін және көрсеткіштерінің жүйесін айқындау мақсатында Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізу ережесі әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 шілдедегі N 779 қаулысымен бекітілді.

Бюджеттік бағдарламаларға тән егжей-тегжейлі ерекше өлшемдер мен көрсеткіштерді белгілей отырып, бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды біртіндеп енгізу мақсатында 2005-2007 жылдарға арналған бюджет процесіне бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және пилоттық бюджеттік бағдарламалар тізбесі а й қ ы н д а л д ы .

Сондай-ақ пилоттық бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау өлшемдері мен көрсеткіштерінің тізбесі және оларды пайдалану жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін пилоттық бағалау бюджет процесінің барлық сатысында жүргізілетін болады, бұл бюджеттік бағдарламалар бойынша тиімділікті бағалауды түсінуді және енгізуді жеңілдетуге мүмкіндік б е р е д і .

Кейіннен тиімділікті бағалауды барлық бюджеттік бағдарламаларға тарату және әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша ерекше өлшемдер мен көрсеткіштерді әзірлеу ұйғарылып отыр.

Бюджет кодексінің 71-бабына сәйкес бюджеттік процеске нормативтік жоспарлау әдісін кезең-кезеңімен енгізу шеңберінде орталық мемлекеттік органдар қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерді қайта қарау және ведомстволық бұйрықтармен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен бекітілген заттай нормалар өзекті болған жағдайда оларды қайта бекіту жөнінде

ж ұ м ы с

ж ү р г і з і п

ж а т ы р .

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жетілдіру шеңберінде жүргізіліп жатқан іс-шаралар бюджет қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсауға бағытталған.

Мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың иелігіндегі ақшаны тиімді пайдалану мақсатында олардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруы процесінде туындаған қатынастарды реттеу "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңымен (бұдан әрі - Заң) жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Бюджет қаражатын уақтылы және сапалы игеру, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жақсарту мақсатында 2004 жылы Заңға өзгерістер енгізілді, бұл өзгерістерге сәйкес мемлекеттік органдар мен мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар конкурстық рәсімдерді бюджет (бизнес-жоспар) бекітілгеннен кейін бірден бастауға құқылы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі шараларды жетілдіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа қарсы әрекет етуге бағытталған іс-шараларды орындау, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманың сақталуы үшін жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы" 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 1550 Жарлығы бекітілді. Бұған сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік сатып алудың тендерлік жүйесінен басымды биржалық саудаға, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың ашық және тиімді қағидаттарындағы электрондық мемлекеттік сатып алуға көшу үшін жағдайлар жасау жөнінде іс-шаралар жүргізетін болады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1471 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде "Электрондық мемлекеттік сатып алу" ақпараттық жүйесін енгізу жөніндегі жұмыс жүргізілуде.

2. Фискалдық саясаттың мақсаттары мен міндеттері

Орта мерзімді кезеңде фискалдық саясаттың негізгі мақсаты әлеуметтік-экономикалық дамудың басым міндеттерін шешу үшін салық-бюджет құралдарын тиімді қолдану, атап айтқанда, Қазақстанды әлеуметтік және экономикалық жедел жаңғыртуға бағытталған ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Орта мерзімді кезеңде бұл мақсатқа қол жеткізуге мынадай негізгі міндеттерді шешу:

бюджеттік заңнаманы жүйелендіру;
бюджеттік жоспарлауды жетілдіру;
мемлекеттік шығыстардың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру;
жүргізіліп жатқан әлеуметтік реформаларды қаржылық қамтамасыз ету, білім беруді, денсаулық сақтауды, ауыл шаруашылығын және қоғамдық инфрақұрылымды дамыту;
перспективалы бюджеттік жоспарлаудың рөлін жоғарылату;
көлеңкелі экономиканың үлесін азайту;
бюджетаралық қатынастардың ашықтығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану тетігін жетілдіру;

жүргізіліп жатқан жинақтар саясатын ескере отырып, республикалық бюджет тапшылығының және үкіметтік борыштың оңтайлы өлшемдерін айқындау;
үкіметтік борыш құрылымындағы сыртқы борыш үлесін біртіндеп азайтуықпал ететін болады.

Бұдан басқа, мемлекеттің жалпы экономикалық саясатының аса маңызды құрамы бола отырып, фискалдық саясат жоспарланып отырған кезеңде инфляцияның орташа жылдық деңгейі бойынша белгіленген дәлізді ұстап тұруға, төлем балансының тұрақтылығына, тауарлар мен қызметтерді түпкі тұтынуды және капитал жинақтауды өсіруге жәрдемдесетін болады.

6 - к е с т е

2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет болжамы
ЖІӨ-ге пайызбен

Атауы	Болжам		
	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл
1	2	3	4
Кірістер	22,6	22,8	23,1
Шығындар	22,4	22,9	23,3
Операциялық сальдо	0,2	-0,1	-0,2
Таза бюджеттік кредит беру	0,5	0,1	0,1
Бюджеттік кредиттер	0,6	0,2	0,1
Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,1	0,1	0,1
Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	1,1	0,8	0,2
Қаржы активтерін сатып алу	1,2	0,8	0,3

Мемлекеттің қаржы активтерін түсетін түсімдер сатудан	0,02	0,02	0,01
Бюджет тапшылығы (профициті)	-1,4	-1,0	-0,5
Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1,4	1,0	0,5

3. Кірістер саясаты

2003-2004 жылдардағы салық заңнамасындағы өзгерістер экономикаға салықтық жүктемені азайтуға, елдің инвестициялық тартымдылығын күшейтуге, жаңа техника мен алдыңғы қатарлы технологиялар ағынын және оларды енгізуді көтермелеуге, мемлекет пен салық төлеушілердің өзара қарым-қатынастарын жақсартуға бағытталды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларына, Индустриялық-инновациялық даму стратегиясына сәйкес салықтық жүктемені азайту және елдің экономикалық өсуін ынталандыру, сондай-ақ белгілі бір санаттағы азаматтардың кірістерін заңдастыруын ынталандыру және жалақыны ұлғайту мақсатында 2004 жылдан бастап жеке табыс салығының ставкалары азайтылды, әлеуметтік салық бойынша ставкалардың кемімелі шәкілі енгізілді, қосылған құн салығының ставкасы азайтылды, арнайы экономикалық аймақтар аумағында салық салудың ерекше режимі белгіленді, арнайы салық режимдерін қолдану аясы кеңейтілді.

Экономиканы одан әрі тұрақты дамыту, жүргізіліп жатқан реформаларды тереңдету, мұнай операцияларына, қаржы лизингіне, резидент еместерге, қаржы құралдарына салық салуды, сондай-ақ салықтық әкімшілендіру нормаларын жетілдіру және кәсіпкерлердің инвестициялық тартымдылығын күшейту мақсатында инвестициялық салық преференцияларын беру нысаны кеңейтілді, мұнай-химия өндірістері, қосылған құны жоғары тауарлар өндірісі үшін жеңілдіктер енгізілді.

Негізгі құралдарды жаңарту және жаңғырту процестерін жеделдету үшін салық салу мақсатында елде амортизациялық саясат жетілдірілді.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру, сондай-ақ инвестициялар көлемін өсіру және салықтық әкімшілендіруді одан әрі жетілдіру есебінен ел экономикасын теңгерімді дамытуды қамтамасыз ету мақсатында орта мерзімді кезеңде салық саясатының негізгі бағыттары:

шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолдану аясын кеңейту және оларды ең алдымен, экономиканың шикізат емес секторына

инвестициялар салуға тарту үшін шаралар қабылдау;
салық төлеушілер үшін қашықтық және ақпараттық сервис әдістерінің көмегімен салықтық әкімшілендіру процестерін одан әрі жетілдіру және дамыту;
талдау тәсілдері мен әдістерін және салықтық есептіліктің камералдылығын
д а м ы т у ;

ақпараттық қызметтерді біріктіру, мемлекеттік органдармен ақпараттық өзара іс-қимылды жетілдіру және оның тиімділігін арттыру;

халықтың әл-ауқатының өсуі шартымен, қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейту мақсатында 2008 жылдан бастап салықтық ауыртпалықты заңды тұлғалардың кірістерінен жеке тұлғалардың кірістеріне біртіндеп ауыстыру мүмкіндігін қарау болады деп ұйғарылып отыр.

Мемлекеттік бюджет кірістері салық заңнамасы, Әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспары жобасының маңызды макроэкономикалық көрсеткіштері мен салық саясатының ел экономикасын одан әрі дамытуға және инвестициялар тартуға бағдарланған бағыттары негізінде айқындалды.

Мемлекеттік бюджет кірістерінің 2006-2008 жылдарға арналған болжамы 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

Мемлекеттік бюджет кірістерінің 2006-2008 жылдарға арналған болжамы

ЖІӨ-ге пайызбен

Атауы	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл
Кірістер	22,6	22,8	23,1
Салықтық түсімдер	21,6	21,7	22,0
Салықтық емес түсімдер	0,5	0,5	0,5
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,4	0,7	0,7

Әлемдік тауар рыноктарындағы қолайлы жағдай, халықтың өмір сүру деңгейінің жақсаруы нәтижесінде ішкі сұраныстың артуы, инвестициялық климаттың жақсаруы, Индустриялық-инновациялық стратегияны іске асыру экономиканы дамытудың жоғары қарқынына және тиісінше бюджет кірістері түсімдерінің ұлғаюына негіз болды.

Кірістер болжамының есептерінде жоспардан тыс салықтық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке алынатын мұнай секторы ұйымдарының тізбесі бойынша салық түсімдерінің есебі бір баррель үшін 19 АҚШ доллары болатын мұнайдың әлемдік тұрақты бағасы есепке алына отырып жүргізілгені ескерілді.

Салықтық түсімдер болжамында:

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің ережелеріне енгізілген, тіркелген активтер бойынша амортизациялар аударымдарды есептеу тәртібін реттейтін,

2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін өзгерістер; Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - Тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы) іске асырудан түсетін қосымша салықтық түсімдер;

Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына Жолдауына (бұдан әрі - Мемлекет басшысының Қазақстан хатына Жолдауы) сәйкес мемлекеттік басқару және мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің жалақысын жоғарылатуға байланысты төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша қосымша түсімдер;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Теңізшевройл" ЖШС арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес 2007-2008 жылдары роялтидің 200 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қайтарылуы ескерілді.

Бұдан басқа, салықтық түсімдер "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есепке ала отырып айқындалған әлеуметтік салық ставкаларының өзгеруіне түзетілді.

Залалды қызметіне байланысты салықтық емес түсімдердің 2006-2008 жылдарға арналған болжамында Ұлттық Банкінің кірісінен түсетін түсімдер болжанбайды. Сондай-ақ, салықтық емес түсімдерге АҚШ долларына теңге бағамының болжамды азаюы әсер етті.

Негізгі капиталды сатудан түсетін 2006-2008 жылдарға арналған түсімдер Тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында тұрғын үй салуды қамтамасыз ету үшін бұрын республикалық бюджеттен қайтарымды негізде бөлінген қаражатты қамтиды.

Мемлекеттік бюджет кірістерінің құрамындағы мұнай және мұнай емес секторлар кәсіпорындарынан түсетін түсімдердің арақатынасы 8-кестеде көрсетілген.

8-кесте

Мемлекеттік бюджет кірістерінің құрылымы мемлекеттік бюджет кірістеріне пайызбен

Кәсіпорындардан түсетін түсімдер	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл
Мұнай секторынан	20,0	17,8	16,4
Мұнай емес сектордан	80,0	82,2	83,6

Мұнай кірістеріне тәуелсіз салықтық базаны дамыту экономиканы әртараптандыру жөніндегі мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді және жүргізіліп жатқан фискалдық саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Өткен жылға қарағанда 2006 жылы мұнай емес сектордан түсетін түсімдер 26,3 %-ға, 2007 және 2008 жылдары тиісінше 18,4 %-ға және 17,5 %-ға өседі.

Әлемдік мұнай бағасы елеусіз төмендеген жағдайда мұнай өндірудің өсу қарқыны ЖІӨ-нің өсу қарқынынан төмен болуы есебінен орта мерзімді кезеңде мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін салықтар мен төлемдер түсімі азаяды.

Ұлттық қор көлемінің болжамы орта мерзімді кезеңде:

мұнайдың (Brent қоспасы) әлемдік бағасының тұрақты есепті әлемдік бағадан асып түсуі нәтижесінде шикізат секторы ұйымдарынан түсетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің жоспардан тыс түсімдері;

республикалық бюджеттен берілетін, шикізат секторы ұйымдарынан түсетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің жоспарлы түсімдері көлемінің 10%-ы мөлшерінде есептелген ресми трансферттер;

республикалық меншіктегі, тау-кен өндіру және өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден, жерді сатудан түсетін түсімдер және өзге де түсімдер есебінен күтіледі.

Бүгінгі таңда тұтастай қазақстандық экономиканың жай-күйін белгілі бір дәрежеде табиғи ресурстар секторындағы ахуал айқындайды. Ұлттық қор табиғи запастардың орны толтырылмайтынына байланысты оларды пайдалануды дұрыс жоспарлау және мемлекеттік шығыстар көлемінің табиғи ресурстардың әлемдік бағаларының күрт ауытқуларына тәуелділігін азайту мәселелерін шешеді.

Қолданыстағы заңнама жағдайларында Ұлттық қорға 2006 жылы 167,5 млрд. теңге сомасында немесе ЖІӨ-ге 2,1%, 2007 жылы 119,2 млрд. теңге (ЖІӨ-ге 1,3%), 2008 жылы 115,2 млрд. теңге (ЖІӨ-ге 1,1%) түсімдер болжанып отыр.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік бюджет пен Ұлттық қор арасындағы өзара қарым-қатынастар тетігін жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізіп отыр. Қор жинақтарын одан әрі қалыптастырудың оңтайлы жолдарын және оның активтерін басқарудың тиімді әдістерін айқындауға бағытталатын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы әзірленуде.

4. Шығындар саясаты

2006-2008 жылдары бюджет саясаты жедел әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары мен міндеттерін кешенді шешуге және ағымдағы міндеттемелерді бір мезгілде орындауға негізделетін болады.

Тұтастай алғанда, орта мерзімді кезеңде жүргізіліп жатқан бюджет саясатының жалпы бағыты сақталады және мыналарға:
денсаулық сақтауды реформалауға және дамытуға;
білім беруді дамытуға;
әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетуге;
индустриялық-инновациялық дамуға;
аграрлық секторды дамытуға;
жаңа тұрғын үй саясатын іске асыруға;
қоршаған орта сапасын тұрақтандыруға;
шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға;
Астана қаласын дамытуға;
көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға бағытталатын
б о л а д ы .

Орта мерзімді кезеңдегі мемлекеттік бюджет шығыстары 2006 жылы - ЖІӨ-ге 24,1 %, 2007 жылы - 23,9 %, 2008 жылы - 23,7 % болып болжанады (9-кесте).

9-кесте

2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет шығыстарының болжамы

Атауы	2006 жыл		2007 жыл		2008 жыл	
	ЖІӨ-ге %-бен	үлес, %	ЖІӨ-ге %-бен	үлес, %	ЖІӨ-ге %-бен	үлес, %
1	2	3	4	5	6	7
Шығыстар	24,1	100,0	23,9	100,0	23,7	100,0
Ж а л п ы с и п а т т а ғы м е м л е к е т т і к қ ы з м е т т е р і	1,3	5,3	1,3	5,4	1,3	5,6
Қорғаныс	1,3	5,3	1,3	5,3	1,3	5,5
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық- атқару қызметі	2,0	8,4	2,2	9,1	2,1	8,8
Білім беру	3,5	14,5	3,8	16,0	4,1	17,3
Денсаулық сақтау	2,5	10,5	2,7	11,3	3,0	12,6
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	5,2	21,5	5,2	21,6	5,1	21,6
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1,9	8,1	2,1	8,6	1,4	5,9
Мәдениет, спорт, туризм						

және ақпарат- тық кеңістік	0,7	3,1	0,7	2,7	0,8	3,3
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	0,3	1,4	0,2	0,8	0,3	1,1
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	1,2	5,1	1,1	4,7	1,4	5,7
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	0,1	0,5	0,0	0,1	0,0	0,1
Көлік және коммуникация	1,9	7,7	1,7	7,0	1,7	7,1
Басқалар	1,5	6,2	1,2	5,0	0,9	3,9
Борышқа қызмет көрсету	0,5	1,9	0,4	1,8	0,2	1,0
Ресми трансферттер	0,1	0,5	0,1	0,5	0,1	0,5

Инвестициялық саясатты қалыптастыру, оның ішінде республикалық бюджеттен инвестицияларды жоспарлау, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді кезеңге арналған орта мерзімді жоспары шеңберінде жүзеге асырылады.

Алдағы орта мерзімді кезеңде даму бағдарламалары шеңберіндегі шығыстар саясаты мемлекеттік инвестицияларды пайдалану тиімділігін, бюджет заңнамасының ережелерін қатаң сақтауды, мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы мен пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған.

"Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобы бойынша шығыстар 2006 жылы ЖІӨ-нің 1,3%-ы, 2007 жылы - 1,3%-ы және 2008 жылы - 1,3%-ы деңгейінде болжанып отыр.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымын оңтайландыру және біріздендіру, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін нақты әрі оңтайлы қайта бөлу және бекіту, мемлекетке тән емес функцияларды бәсекелі секторға беру арқылы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруді көздейтін әкімшілік реформа бойынша жүргізілуде.

Әкімшілік реформаны толыққанды іске асыру функцияларды төмен тұрған мемлекеттік басқару деңгейіне берумен қатар, тиісті ақпараттық-әдіснамалық, материалдық қамтамасыз етуді және тиісті штат санын да беруді, сондай-ақ республикалық меншікті жергілікті мемлекеттік басқару деңгейіне беруді көздейді.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында

мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі мен сапасын бағалаудың бірыңғай жүйесін әзірлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі міндеттерінің бірі болып айқындалды. Соған байланысты мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі мен сапасын бағалаудың бірыңғай жүйесін әзірлеу жөніндегі жұмыс жүргізіліп жатыр, мұнда барлық: жоспарлау, іске асыру, қызмет нәтижелері кезеңдерін қамтитын мемлекеттік органның қызметін толық ұйымдастыру, қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін мемлекеттік орган қызметін ұйымдастыру, бюджеттік және адами ресурстарды пайдаланудың тиімділігі қамтылады.

Бұл шаралар функцияларды төмен тұрған, халыққа неғұрлым жақын мемлекеттік басқару деңгейіне беру жолымен мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруға, мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі жауапкершілігін жоғарылатуға, олардың тиімділігін арттыруға, бюрократияны қысқартуға, қол жетімділікті жоғарылатуға, халықты мемлекеттік қызметтермен толық қамтуға, әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатты жақсартуға, инвестициялық ахуалды жақсартуға және басқаларға ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметтің қазақстандық жүйесі Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа мен ТМД мемлекеттерінің кейбір алдыңғы қатарлы елдері арасында неғұрлым жедел қарқынмен дамуда және мықты институционалдық негізден бастау алған. Соңғы жылдары басым болып отырған тұрақтандыруға және институционалдық дамуға ден қою мемлекеттік қызметті одан әрі дамыту үшін негіз болды.

Мемлекеттік қызметшілерге жалақы төлеу жүйесін жетілдіру мақсатында 2000 жылдан бастап 2004 жылға дейінгі кезеңде жалақы төлеу жүйесін реформалаудың екі сатысы жүргізілді:

бірінші сатыда базалық лауазымдық жалақыға қолданылатын коэффициенттерге негізделген жалақы төлеу жүйесі енгізілді;

екінші саты - жалақы төлеу жүйесіне жоғарғы, орта және төменгі басқару деңгейлерін (буындарын) енгізу болды. Бұл шара мемлекеттік қызметшілерді карьералық жоғарылауға ынталандыруға бағытталған.

Жетілдірудің үшінші сатысындағы мақсат мемлекеттік қызметшілерді өнімділікке және орындалатын жұмыстың сапасына ынталандыруды жоғарылату болып табылады.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес 2005 жылғы 1 шілдеден бастап бюджет саласы қызметкерлерінің және мемлекеттік қызметшілердің жалақысы орта есеппен 32%-ға көтерілді. 2006 жылдың аяғына дейін жалақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және 2007 жылдан бастап жалақыны орта есеппен 30%-ға ұлғайту жоспарланып отыр.

Осыған байланысты мемлекеттің әкімшілік қызметтерін жетілдіруге,

басқарудың бюрократиялануын азайтуға, мемлекеттік қызметтің біліктілік деңгейін оңтайландыруға бағытталған шараларды пысықтау талап етіледі.

2006 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығымен бекітілген, азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қызмет көрсетулерге жылдам әрі сапалы қолжетімділігін қамтамасыз етуге, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану жолымен мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғасады.

Бұл бағдарлама шеңберінде "электрондық үкіметтің" базалық құрамдас бөліктері құрылады, бұған өкілеттік орталығы, "электрондық үкіметтің" порталы мен шлюзі, қол жеткізудің және халықты "электрондық үкіметпен" өзара іс-әрекет ету негіздеріне оқытудың жалпыға бірдей қол жетімді желілерін құру, ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тізілімі, сондай-ақ ұлттық біріздендіру жүйесі жатады.

"Қорғаныс" функционалдық тобы бойынша шығыстар қорғаныс қажеттіліктеріне, төтенше жағдайлардың алдын алуды және оларды жоюды ұйымдастыруға, қорғалатын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және салтанатты рәсімдерді орындауға арналған шығыстарды қамтиды және 2006 жылы ЖІӨ-нің 1,3%-ы, 2007 жылы - 1,3%-ы және 2008 жылы - 1,3%-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 ақпандағы N 334 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы қорғаныс мұқтаждарына арналған шығыстарды жоспарлаудың негізі болып табылады, бұған сәйкес қорғанысқа арналған шығыстардың көлемі кемінде ЖІӨ-нің 1%-ы мөлшерінде көзделеді, мұнда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін (бұдан әрі - Қарулы Күштер) құру, реформалау кезеңдері мен әскери-экономикалық қамсыздандырудың негізгі бағыттары айқындалған.

Қарулы Күштерді жасақтау мен қалыптастырудың келісім-шарттық жүйесіне көшу жолымен армияны кәсібилендіру болжанып отырған шаралардың негізгі міндеті ретінде қойылады, оның мақсаттары бөлімдер мен бөлімшелердің әскери дайындығын жоғарылату, әскери-оқытылған резервті дайындау, әскери қызметтің және тұтастай Қарулы Күштердің беделін арттыру болып табылады.

Қарулы Күштерді құру мен дамытудың өткен кезеңдегі тәжірибесі мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді "келісім-шарттағыларға" ауыстыру армия қызметіне оң әсер ететінін көрсетті. Мысалы, Қарулы Күштерде адам шығыны мен қылмыс саны азаяды, моральдық-психологиялық ахуал жақсарады.

Қарулы Күштерді жасақтаудың келісім-шарттық жүйесіне көшуді 2005 жылы

дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жалғасады.

Бұл бағдарламаны іске асыруға 2006 жылы 2,3 млрд. теңге бөлу жоспарланып отыр.

Мықты әрі тәуелсіз сот билігі демократияның, адам құқықтары мен бостандықтарының басымдылығын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Мемлекеттің қалыптасу және даму кезеңінде сот жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылды.

Соттар тәуелсіздігінің кепілдігі қамтамасыз етілді. Мемлекет тарихында тұңғыш рет жергілікті соттардың барлық судьяларын ел Президенті тұрақты мерзімге сайлай бастады, кәсіптік жүйе құрылды, функциялары жалпы құқықтық құзырлы соттарға беріліп, төрелік соттар таратылды, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік және экономикалық соттар құрылды.

Сот жүйесін дамытудың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасында айқындалған, оның негізгі міндеттерінің бірі сот төрелігі органдарын жетілдіру, ең алдымен бірінші деңгейдегі соттардың (аудандық, қалалық соттар) қызметін жетілдіру болып табылады.

Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы объективтікті, сондай-ақ сот кесімдерінің уактылы орындалуын қамтамасыз ететін сот өндірісін оңайлату, сот жүргізу шеңберінде және сот шешімдерін атқару кезеңінде азаматтар құқығына берілетін кепілдіктерді күшейту, сот корпусының тәуелсіздігін қамтамасыз ету және қылмыстық сот жүргізу мен сот шешімдері шеңберінде адвокаттардың рөлін арттыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу қажеттігіне баса назар аударды.

Алға қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында сот жүйесін жетілдіру және судьялардың мәртебесін көтеру бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерін әзірлеу және қабылдау қажет.

Қылмыстық тергеуді жүзеге асырған және істерді сотта қараған кезде заңдылық қағидаттарын нығайту үшін Қазақстан Республикасында халық өкілдерінің әділ сотты жүзеге асыруға қатысуын көздейтін алқабилер соты институтын енгізу мәселелері жөніндегі заң жобасы әзірленуде.

Атқарушы билік реформасы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шеңберінде, сондай-ақ мемлекеттік органдардың халықпен өзара іс-қимылын оңайлату және олардың арасындағы тікелей байланыстарды барынша азайту мақсатында Халыққа "жалғыз терезе" қағидаты бойынша қызмет көрсететін орталықтар құру және олардың қызметін қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

"Білім беру" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2006 жылы

білім беру жүйесіне кредиттік технологияны енгізу;
ауыл мектептерін дамыту, шағын жинақталған мектеп балалары үшін бейінді мектеп-интернаттар салу және ашу;
республикалық бюджет есебінен 2008 жылдың аяғына дейін 176 жалпы білім беретін мектеп салу;

арнаулы түзеу білім беру ұйымдары желісін және мүмкіндігі шектеулі балалардың кәсіптікке дейінгі және кәсіптік даярлыққа қол жеткізуін өрістету;
мүмкіндігі шектеулі адамдарды біріктірілген оқытуды мемлекеттік қолдау жөніндегі, бұрын оқытылмайды деп есептелген балаларды оқытуды ұйымдастыру жөніндегі шараларды әзірлеу;

Алматы және Қарағанды қалаларында көзі нашар көретін балалар үшін әрқайсысының жобалық қуаты 250 орын мектеп-интернаттар салу;
оқу процесін ұйымдастырудың қашықтық және өзге де инновациялық нысандарын енгізуді кеңейту ұйғарылып отыр.

Мемлекет басшысының мұғалім мамандығының беделін қамтамасыз ету туралы тапсырмасын іске асыру үшін 2005-2006 оқу жылында педагог кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы 5000 бірлікке ұлғайтылады.

2006 жылдан бастап кез келген шетелдегі тағлымдаманы қоса алғанда, жыл бойы ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған грант мәртебесі бар жыл сайынғы мемлекеттік "Үздік оқытушы" стипендиясы енгізіледі.

Көрсетілген мақсаттарға 2006-2008 жылдары шамамен 1,3 млрд. теңге бөлу ұйғарылып отыр.

Сондай-ақ "Қаржы орталығы" акционерлік қоғамы арқылы студенттердің кредиттеріне мемлекеттік кепілдік беру жүйесін іске асыру мақсатында таяу арадағы 4 жыл ішінде шамамен 1,4 млрд. теңге бөлінетін болады.

2007 жылы "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жаңа редакциясына педагог қызметкердің мәртебесі туралы норманы қосу ұйғарылып отыр.

Техникалық білім беруді дамыту үшін жыл сайын техникалық мамандықтар бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайту көзделуде. 2005-2006 оқу жылында техникалық мамандықтарға мемлекеттік тапсырысты тағы да 700 бірлікке ұлғайту көзделіп отыр.

Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі мақсатында Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық орталығы, Ұлттық аккредиттеу орталығы, Республикалық біліктілікті растау және беру орталығы, "Мектепке дейінгі балалық" республикалық орталығы, "Оқулық" ғылыми-практикалық орталығы құрылды.

"Болашақ" бағдарламасын институционалдық қолдау үшін Халықаралық бағдарламалар орталығы құрылды. Аталған бағдарлама шеңберінде әлемнің озық

жоғары оқу орындарында оқу үшін жыл сайын үздік үш мың студентке республикалық бюджеттен қаражат бөлінетін болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 632 қаулысымен бекітілген "Жасыл ел" бағдарламасының шеңберінде жастар арасында жұмыссыздық деңгейін азайту мақсатында ормандарды молықтыру, республика аумақтарын көгалдандыру мен абаттандыру жөніндегі іс-шараларға оқушылар мен студенттер, сондай-ақ жұмыс істемейтін жастар тартылатын болады. Сондай-ақ жазғы демалыс кезінде тұрғын үй салу жөніндегі іс-шараларға студенттердің қатысуы үшін құрылыс жасақтары ұйымдастырылатын болады.

Білім беруді басқаруды одан әрі демократияландыру негізінде ұлттық білім беру жүйесінің жұмыс істеуінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру ұйғарылып отыр.

"Денсаулық сақтау" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2006 жылы ЖІӨ-нің 2,5%-ы, 2007 жылы - 2,7%-ы, 2008 жылы - 3,0%-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде денсаулық сақтау саласында 2006-2008 жылдары :

сапалы бастапқы медициналық-санитарлық көмекпен (БМСК) қамтамасыз ету, оның ішінде :

халықтың жекелеген санаттарын кейіннен серпінді байқау және сауықтыру жұмысын жүргізе отырып, жыл сайын алдын ала медициналық тексеруді кезең-кезеңімен енгізу, бұған 2006 жылы - 4,5 млрд. теңге, 2007 жылы - 4,7 млрд. теңге, 2008 жылы - 6,0 млрд. теңге бөлу талап етіледі;

материалдық-техникалық жарақтандыру 2006-2008 жылдары шамамен 11,5 млрд. теңгені, соның ішінде ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау объектілері үшін 7,8 млрд. теңгені құрайды. Бұл ретте БМСК ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейі біртіндеп медициналық жабдықпен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және санитарлық автокөлікпен жарақтандырудың ең төменгі нормативіне дейін жеткізіледі.

2006 жылдан бастап неғұрлым көп таралған ауру түрлеріне шалдыққан үлкендерді амбулаториялық деңгейде жеңілдікті дәрілік заттармен қамтамасыз ету көзделіп отыр, бұл үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ауру түрлерінің тиісті тізбесін бекітеді. 2006-2008 жылдары барлығы шамамен 5,8 млрд. теңге бөлу жоспарланып отыр;

ана мен бала денсаулығын нығайту, оның ішінде:

2006-2008 жылдары жекелеген ауру түрлері бойынша бес жасқа дейінгі балаларды амбулаторлық деңгейде дәрілік заттармен, сондай-ақ жүкті әйелдерді құрамында темір және йод бар препараттармен тегін қамтамасыз ету жалғасады, бұған тиісінше шамамен 1,6 және 3,0 млрд. теңге бөлу жоспарланып отыр;

2006-2008 жылдары диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді амбулаториялық емдеу кезінде тегін дәрілік заттармен қамтамасыз етуге шамамен 3,4 млрд. теңге бөлу жоспарлануда.

Жоғарыда көрсетілген бағыттарды іске асыру үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ауру түрлерінің тиісті тізбелерін бекітеді.

Балалар және бала туу ұйымдарының жарақтандырылуы медициналық жабдықпен жарақтандырудың ең төменгі нормативіне дейін жеткізіледі, бұл ретте 2006-2008 жылдары қажетті қаражат сомасы шамамен 8,0 млрд. теңгені құрайды;

ел халқының қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік құралдарға қол жеткізуін қамтамасыз ету сияқты басым іс-шараларды іске асыру жалғасады.

Бұдан басқа, денсаулық сақтаудың жекелеген бағыттары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 маусымдағы N 905 қаулысымен бекітілген "Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 тамыздағы N 850 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында туберкулезге қарсы күресті күшейтудің 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы іске асырылуда.

Тұтастай алғанда, денсаулық сақтау саласындағы бюджет саясаты халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыруға, оның артықшылықтары туралы хабардар болуын жоғарылатуға, мемлекет пен азаматтардың ортақ жауапкершілігіне, бастапқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде денсаулықты, аурулардың алдын алу жүйесін нығайтуға, азаматтардың сапалы медициналық және дәрілік көмекке қол жетімділігін арттыру жолымен халық денсаулығын жақсартуға, еркін медициналық сақтандыруды дамытуды ынталандыруға бағытталады.

"Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2006 жылы ЖІӨ-нің 5,2%-ы, 2007 жылы - 5,2%-ы, 2008 жылы - 5,1%-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Елде сақталып отырған экономикалық өсу Қазақстан Республикасының Үкіметіне халықты әлеуметтік қорғауды дамытуға арналған шығыстарды ұлғайту жолымен саясаттың әлеуметтік бағдарлануын жалғастыруға мүмкіндік береді.

2005 жылы ең төменгі зейнетақы мөлшері 6200 теңгені құрады, ал 2005 жылғы 1 шілдеден бастап зейнетақы жасына жеткен адамдарға жұмыс өтіліне, жалақысына және зейнетақы мөлшеріне қарамастан 3000 теңге мөлшерінде қосымша ай сайынғы базалық зейнетақы төлемі енгізіледі, оның мөлшері кейіннен кезең-кезеңімен ұлғайтылады. Осылайша, базалық зейнетақы төлемін

ескергенде зейнетақы мөлшері 9200 теңгені, ал орташа зейнетақы мөлшері 12 мыңнан астам теңгені құрайды. 2005 жылы базалық зейнетақы төлемін енгізуге қосымша 28,8 миллиардтан астам теңге бөлінеді.

С о н д а й - а қ 2 0 0 5 жылы :

мүгедектігі бойынша төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен асыраушысынан айырылған отбасыларға төленетін жәрдемақылардың қолданыстағы мөлшері көтерілді. Көрсетілген мақсаттарға қосымша шамамен 13,1 млрд. теңге жіберілді;

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына төленетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар мөлшері 15 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылды және 30 мың теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек көрсетілді. Көрсетілген іс-шараларды жүргізуге 7,0 млрд. теңгеден астам сома б ө л і н д і .

2006-2008 жылдары әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек саласындағы бюджет саясатының негізгі мақсаттары әлеуметтік қамсыздандырудың қаржылық орнықты, әлеуметтік әділ үш деңгейлі жүйесін құру, атаулы әлеуметтік көмекті күшейту болып табылады.

Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын (бұдан әрі - Әлеуметтік реформаларды тереңдету бағдарламасы) іске асыру жалғасады, мұнда әлеуметтік қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесін енгізу көзделеді.

2 0 0 6 жылы :

ана мен баланы қорғау мақсатында төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға, сондай-ақ "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен немесе бірінші және екінші дәрежелі "Ана даңқы" атағымен марапатталған аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 4000 теңгеге дейін ұлғайтылады. Бұған 2005 жылғы нақтыланған базаға қосымша 2006 жылы - 7,6 млрд. теңге, 2007 жылы - 8,6 млрд. теңге, 2008 жылы - 9,6 млрд. теңге т а л а п е т і л е д і ;

аз қамтылған отбасылардың 18 жасқа дейінгі балаларына жәрдемақылар енгізіледі. Бұл мақсатқа арналған шығыстар мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады;

барлық санаттағы мүгедектер мен жасына байланысты жәрдемақы алушыларға, сондай-ақ мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды алушыларға төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері тағы да 1000 теңгеге ұлғайтылады. Сондай-ақ асыраушысынан айырылған 249 мың отбасыға 300 теңгеден 1000 теңгеге дейінгі сомада қосымша қолдау көрсетіледі. Бұл

мақсаттарға 2005 жылғы нақтыланған базаға қосымша 2006 жылы 8,5 млрд. теңге, 2007 жылы - 14,3 млрд. теңге, 2008 жылы - 18,8 млрд. теңге бөлінеді.

2006 жылғы 1 шілдеден бастап бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақылар енгізіледі, бұл ретте бала санына қарай жәрдемақы мөлшерінің прогрессивтік шәкілі болады. Бұл мақсаттарға 2006 жылы 6,3 млрд. теңге, 2007 жылы 14,3 млрд. теңге, 2008 жылы 16,0 млрд. теңге қосымша бөлу ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Халықаралық стандарттарға жақындау мақсатында 2006 жылдан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейі базалық көрсеткіш ретінде алынады, оның негізінде әлеуметтік төлемдердің мөлшерлері қайта қаралады. Осыған байланысты, ең төменгі күнкөріс деңгейін айқындау әдістемесі өзгертіледі, оның негізі тұрмыстық игіліктер мен қызметтердің ең төменгі әлеуметтік қажетті деңгейін көрсететін тұтыну бюджеті болмақ.

2007 жылдан бастап еңбекке уақытша жарамсыздық жөніндегі жәрдемақылардың көлемі ұлғайтылады, бұған 2 миллиардтан астам теңге ж і б е р і л е д і .

Әлеуметтік реформаларды тереңдету іс-шараларын іске асыруға және халықты әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шараларды қаржыландыруға 2004 жылғы деңгейге шаққанда 2006-2007 жылдары мемлекеттік бюджеттен шамамен барлығы 272,7 млрд. теңге қосымша бөлінеді.

2007 жылдан бастап уақытша еңбекке жарамсыздық жөніндегі жәрдемақы мөлшері ұлғайтылады, оған 2 млрд. теңгеден астам жіберіледі.

Елге қоныс аударушылардың ағынын одан әрі көтермелеу, демографиялық ахуалды жақсарту және Қазақстан Республикасының халық санының өсуін қамтамасыз ету мақсатында 2006-2008 жылдары көші-қон квотасы бойынша келген оралмандар отбасыларын көшіруді ұйымдастыруға, әлеуметтік қорғауға және тұрғын үймен қамтамасыз етуге бюджет қаражаты бөлінеді. 2006-2007 жылдары оралмандардың көші-қон квотасы жыл сайын 15000 отбасын құрайды.

"Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобы бойынша бюджет шығыстарын 2006 жылы ЖІӨ-нің 1,9%-ы, 2007 жылы - 2,1%-ы және 2008 жылы - 1,4%-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Қазіргі уақытта тұрғын үй қоры түгелдей дерлік жеке сектордың иелігінде, мұнда бәсекелестік жағдайлары жасалған және қызметтердің іс жүзінде пайдаланылған көлеміне ақы төлеуге көшу жүзеге асырылуда. Сонымен қатар оны пайдалану және ұстау мәселесі проблемалы болып отыр, ескірген және авариялы тұрғын үй көлемі өсуде.

Қолдағы тұрғын үй қорын тиісті деңгейде пайдалану мен ұстауды, онда тұрудың қауіпсіз әрі ыңғайлы жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасында тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың 2006-

2008 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарлама шеңберінде, атап айтқанда, тұрғын үй-коммуналдық салада қызмет көрсетудегі бәсекені дамыту үшін құқықтық жағдайлар жасау мақсатында заңнамалық база әзірленеді, тұрғын үй қорын күрделі жөндеуді жүзеге асыру үшін қолданыстағы тұрғын үй қорының жай-күйін қолдауды және жаңартуды қаржыландыру жүйесі жасалады, пайдаланылатын тұрғын үй қорының жай-күйін тиісті бақылау қамтамасыз етіледі.

Халықтың қалың бұқарасының тұрғын үйге нақты қол жеткізуін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын шешу қажет.

Осыған байланысты, арзан тұрғын үй ұсыну және тұрғын үйге қол жетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың тұрғын үйлерде қауіпсіз әрі сапалы тұруы үшін жағдайлар жасау негізгі міндеттер болып табылады.

Халықтың қалың бұқарасының тұрғын үйге қол жеткізуін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу мақсатында Тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен арзан коммерциялық және коммуналдық тұрғын үй салу, сондай-ақ Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі салымдар бойынша сыйақылар төлеу жүзеге асырылады.

"Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2006 жылы ЖІӨ-нің 0,7%-ы, 2007 жылы 0,7%-ы, 2008 жылы 0,8%-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік саласындағы негізгі мақсаттар :

Жібек жолы трассасының қазақстандық учаскесін урбандаудың тарихи жүйесінің жалпы ұлттық, әлеуметтік-экономикалар және халықаралық рөлін қайта өрлету ;

қазақстандық және шетелдік азаматтардың әр алуан туристік қызметтерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы туристік кешен құруға жәрдемдесу;

елдегі дене шынықтыру мен спортты одан әрі дамыту; әсіресе ауылда халықтың дене шынықтырумен және спортпен айналысуы үшін жағдай жасау; спорттың және ұлттық ойындардың олимпиадалық, ұлттық, техникалық, қолданбалы түрлерін дамыту;

бұқаралық спорт және жоғары жетістіктер спорты саласында спорт резерві мен халықаралық сыныптағы спортшыларды дайындауды ғылыми-әдістемелік, медициналық-биологиялық және психологиялық қамтамасыз ету жөнінде зерттеулер жүргізу ;

спорт резервін және халықаралық сыныптағы спортшыларды даярлау; Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының халықаралық

жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету;
бірыңғай ақпараттық кеңістікті нығайту, теңгерімді тілдік және әлеуметтік
бағдарланған жастар саясатын нығайту;
мемлекеттік тілді одан әрі дамыту;

этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделінің
тиімділігін арттыру және оның негізгі өлшемдерін жетілдіру болып табылады.

Бұл мақсаттар тиісті бағдарламалық құжаттар шеңберінде бюджеттік
бағдарламаларды қаржыландыру арқылы іске асырылатын болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 ақпандағы N 3859
Жарлығымен бекітілген "Жібек жолы тарихи орталықтарын қайта өркендету,
түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұраларын сақтау және сабақтастыра
дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Қазақстан Республикасының
мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде оның іс-шараларының ауқымдылығын,
көп салалы сипатын және капитал сыйымдылығын ескере отырып,
республикалық бюджеттен туризм объектілерінің тізбесіне енгізілген және
кәдеге жаратуға жатпайтын, республикалық санатта қорғалатын ескерткіштерді
қорғау, қалпына келтіру және зерттеу мақсатына жыл сайын бөлінетін қаржы
бөлу шегінде қаражат көзделеді. Жыл сайын жергілікті бюджеттен жергілікті
санатта қорғалатын, туристік бағыттарға қосылған ескерткіштерге тиісті қаражат
к ө з д е л е д і .

2006 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13
қаңтардағы N 1277 Жарлығымен бекітілген, халықтың зор мәдени мұрасын
зерделеудің біртұтас жүйесін жасауға, ұлтымыздың тарихы үшін ерекше маңызы
бар бірқатар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді
қамтамасыз етуге, өрістетілген көркем, ғылыми, биографиялық серияларды
жасауға, әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері
базасында гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын
құруға бағытталған 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік
бағдарламасын іске асыру аяқталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 398
қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын
таратуды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасында ұлттық
сипаттағы, саяси маңызы бар неғұрлым ірі әрі маңызды проблемаларды шешу,
соның ішінде теледидар және радио хабарларын таратудың арнайы дайындалған
бағдарламаларын ТМД елдеріне және алыс шетелдерге трансляциялауды
ұйымдастыру, қазіргі заманғы технологияларды пайдалану есебінен жаңа
таратқыштарды орнату немесе Қазақстан Республикасының радио және
телехабарларын таратудың қолданыстағы желісін жаңғырту жолымен халықтың
мемлекеттік теледидар және радио бағдарламалармен барынша көп қамтылуын

қамтамасыз

ету

көзделеді.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын кеңейту және нығайту, орыс тілінің жалпы мәдени функцияларын сақтау және этникалық топтардың тілдерін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тиісті бюджет қаражаты көзделеді.

2 0 0 6

жылы:

Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы, оны іске асыру этносаралық және конфессияаралық қатынастарды үйлестіру, қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті азайту үшін негіз құруға мүмкіндік береді, әлеуметтік практикаға толеранттық мінез-құлық нормаларын және экстремизмнің алдын алу және оған қарсы әрекет ету тетіктерін енгізуді қамтамасыз етеді, қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайлардың өзгеруіне икемді ден қою үшін жағдайлар жасайды;

мәдениетті дамыту және классикалық халық өнерінің үздік дәстүрлерін сақтау мақсатында Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленеді.

Әзірленіп жатқан, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт объектілері желісін дамытуға, мамандарды даярлауға және саланы білікті кадрлармен қамтамасыз етуге, саланы ұйымдық, ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз етуге, жоғары білікті және спорт резервінің спортшыларын даярлау мәселелерін шешуге бағытталған Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру көзделіп отыр.

Қазақстанның тартымды туристік объект ретіндегі беделін қалыптастыру, ұлттық туризм өнімдерін қалыптастыру және оның әлемдік деңгеймен салыстыруға болатын сапасын қамтамасыз ету, саланы мемлекеттік реттеуді қолдау және оның оңтайлы әдістерін таңдау негізінде туризмді кешенді дамыту мақсатында 2006 жылы Туризм саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленеді.

Рынок сегменттерінің бірі ретінде туризм кластерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

"Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2006 жылы ЖІӨ-нің 0,3%-ы, 2007 жылы 0,2%-ы және 2008 жылы 0,3%-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Осы саладағы орта мерзімді перспективадағы бюджет саясаты: Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының барланған қорларын

толықтыруды және олардың тиімді пайдаланылуын арттыруды қамтамасыз ететін минералдық-шикізат ресурстарын мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге және табиғи капитал - көмірсутек шикізатын терең әрі кешенді қайта өңдеуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдауға;

жер қойнауын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге;

Каспий теңізінің қазақстандық секторының көмірсутек ресурстарын ұтымды әрі қауіпсіз игеру жолымен елдің тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етуге және Қазақстан халқының сапалы өмір сүруін жақсартуға жәрдемдесуге;

мұнай-газ кен орындарының ілеспе газын пайдалану арқылы электр энергиясын өндіру жөніндегі жаңа қуаттарды қолданысқа енгізу жөнінде іс-шаралар жүргізуге;

ел өңірлерінің табиғи және сұйытылған газбен үздіксіз қамтылуын қамтамасыз етуге;

Қызылорда қаласын газдандыруды қамтамасыз етуге; елдің энергетикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу үшін жағдайлар жасауға; ғылымның, техника мен технологиялардың қазіргі заманғы бағыттарын дамытуға, жоғары технологиялы әзірлемелерді рынокқа жылжытуға және оларды өнеркәсіптік өндіріске енгізуге, атом және термоядролық энергетика, атом және мұнай-химия өнеркәсібі, геология және жер қойнауын пайдалану, ядролық медицина саласындағы жоғары білікті ғылыми және инженер кадрларды даярлауға жәрдемдесуге;

бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының, Қазақстан аумағындағы ядролық зерттеу және жеделдету кешендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталады.

Бұл міндеттер тиісті бағдарламалардың іс-шараларын қаржыландыру арқылы шешілетін болады.

Каспий теңізінің қазақстандық секторын игеру - ұзақ әрі күрделі жасампаз процесс, бұған едәуір табиғи, техникалық, еңбек және зияткерлік ресурстар тартылады. Мұнда теңіз мұнай-газ операцияларын дамытудың саяси және экономикалық жағдайлары, Каспий жағалауы өңіріндегі жұмыстардың ауқымы және олардың елдің экономикалық өсуіне оң әсері, сондай-ақ табиғи факторлардың жоғары маңызы назарға алынады.

2006-2010 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 Жарлығымен бекітілген Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасында көзделген, соның ішінде көмірсутектерді теңізде өндіруді жоғарылатуды, жаңа теңіз блоктарын тендерлерге жоспарлы шығаруды, барлық теңіз жобаларының мониторингін, жоғары экологиялық стандарттарға сай келетін қосымша табиғат қорғау іс-шараларын әзірлеуді және жүзеге асыруды, қосымша құбыр қуаттарын (

экспорттық мақсаттағы емес) салуды қамтитын іс-шаралар мен жұмыстарды іске асырудың екінші кезеңі басталады.

Бұл ретте теңіз мұнай-газ кешені үшін негізгі отандық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігі дамытылады (теңіз операцияларын жүргізу үшін импорт алмастыру).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысымен бекітілген Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасының шеңберінде мынадай міндеттерді шешу:

өңірлік және геологиялық түсіру жұмыстарын жүргізген кездегі дайындық іс-шаралары;

1:200000 масштабында жер қойнауын жете геологиялық зерттеу;

1:200000 масштабында кенді аудандарды геологиялық-минерагеникалық картаға түсіру;

қатты пайдалы қазбаларды іздеу, іздеу-бағалау және іздеу-барлау жұмыстары;

мұнай мен газды іздеу, іздеу-бағалау және іздеу-барлау жұмыстары;
елді мекендерді сумен жабдықтау үшін іздеу-барлау жұмыстары;
геотермалдық суларды іздеу-барлау жұмыстары;
минералдық-шикізат базасының және жер қойнауын пайдаланудың мониторингі;

жерасты суларының және қауіпті геологиялық процестердің мониторингі;
геологиялық ақпаратты қалыптастыру;
геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер;

геологиялық зерттеулерді ақпараттық қамтамасыз ету және ғылыми-техникалық қолдау;

мұнай және өздігінен ағып жатқан гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және тоқтатып қою көзделіп отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамытудың" 2004-2008 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыс жалғасады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 тамыздағы N 926 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының уран өнеркәсібін және атом энергетикасын дамытудың 2002-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес отандық атом энергетикасын жалпы теңгерімді энергетикалық даму саясатының құрамдас бөлігінің бірі ретінде дамытуды негіздеу үшін республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын кешенді зерттеулер

ж ү р г і з і л е д і .

Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған: республика аумағын радиоэкологиялық зерттеу және осы салада кешенді мемлекеттік бағдарлама әзірлеу жөніндегі; бұрынғы Семей сынақ полигонының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі; радиоактивті қалдықтарды қайта өңдейтін және көметін объектілерді салу жөніндегі; Қазақстан Республикасының базалық ядролық зерттеу және жеделдету кешендерін жаңғырту жөніндегі, сондай-ақ ядролық жарылыстар мен жер сілкіністерінің тарихи сейсмограммаларының электронды мұрағатын құру жөніндегі жұмыстарды жалғастыруға тиісті қаражат көзделетін болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 шілдедегі N 1006 қаулысымен бекітілген Уран өндіретін кәсіпорындарды консервациялаудың және уран кен орындарын өндірудің салдарларын жоюдың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде уран өндіретін әрекетсіз кәсіпорындарды консервациялауға және уран кен орындарын өндірудің салдарларын жоюға тиісті қ а р а ж а т к ө з д е л е д і .

2006 жылы республикалық бюджет есебінен басымды инвестициялық жобаларды іске асыру: қазақстандық термоядролық Тоқамақ материалтану реакторын (бұдан әрі - ҚТМ) құру, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ауыр иондарды жеделдетуші базасында пәнаралық ғылыми-зерттеу кешенін құру, Курчатов қаласында "Ядролық технологиялар орталығы" технопаркін құру, Ядролық медицина және биофизика орталығын к ұ р у ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

ҚТМ қондырғысында жүргізілетін тәжірибелік зерттеулерді ғылыми және техникалық қолдау әрі оны пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында тиісті қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыру жалғасатын болады.

Пайдаланылатын және игеруге дайындалатын аз зерттелген әрі шығарып алынуы қиын ресурстық база әлеуетінің ұлғаюын, минералдық шикізатты қолданудың кешенділігін және кен орындарының инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ететін орташа, кіші кен және кен емес орындардың техникалық-технологиялық дайындық деңгейін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында тиісті қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыру ж а л ғ а с а д ы .

Ауыр иондарды жеделдетуші базасындағы пәнаралық ғылыми-зерттеу кешеніндегі зерттеулердің тиімділігін арттыру, кешен қондырғыларындағы тәжірибелердің пайдаланылу сипаттамалары мен сапасын жақсарту және ғылыми ортаны қалыптастыру әрі физика, химия, биология саласындағы кешенді ғылыми зерттеулерді және ДЦ-60 ауыр иондарды жеделдетуші базасында алдыңғы қатарлы технологияларды дамыту мақсатында 2006 жылы тиісті

ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыру басталады.

Қалпына келтірілетін, әлеуеті төмен энергия көздерін пайдалана отырып тиімділігі жоғары энергия үнемдеуші жылу сорғы қондырғыларын (бұдан әрі - ЖСҚ) жасау және ЖСҚ пайдалану негізінде энергия үнемдеуші жаңа технологиялардың демонстрациялық аймақтарын құру мақсатында тиісті бағдарламалар іске асырыла бастайды.

"Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2006 жылы ЖІӨ-нің 1,2%-ы, 2007 жылы 1,1%-ы және 2008 жылы 1,4%-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары саласындағы 2006-2008 жылдарға арналған шығыстардың негізгі бағыттары:

астықтың ішкі рыногын тұрақтандыру жөніндегі шараларды қабылдау;

отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласын дамыту және машина трактор паркін жаңарту, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге сервистік және техникалық қызмет көрсету жөніндегі құрылым жасау;

ауылда мал шаруашылығы өнімдерін сатып алумен және сатумен айналысатын мамандандырылған дайындау пункттерін құру;

қолайлы эпизоотиялық және фитосанитарлық ахуалды қамтамасыз ету;

элиталық тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдау ;

ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесін арттыру;

іс-шараларды іске асыруға жастарды белсенді түрде тарта отырып, орманды және жануарлар әлемін сақтау мен молықтыру, жасыл көшеттер отырғызу алаңын ұлғайту, елді мекендерді көгалдандыру және олардың айналасында жасыл аймақтар құру үшін жағдайлар жасау;

автомобиль және темір жолдардың бойында көгалдандыру көшелерін құру;

ауыз судың сапасын және оның қол жетімділігін қамтамасыз ету;

жер қойнауының және қоршаған ортаның тиісті дәрежеде қорғалуын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық жүйесін құру;

өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруды қолдау;

ауыл шаруашылығын институционалдық дамыту;

жер реформасын тереңдету, геодезия мен картографияны дамыту негізінде жер қатынастарын жетілдіру болады.

Осы функционалдық топ шеңберіндегі бюджет қаражатының едәуір үлесі аграрлық өндірісті қайта өрлетуге және дамытуға, ауылдық инфрақұрылымды құруға және ауылдағы тұрмыс деңгейін жоғарылатуға бағытталады.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, астықтың экспорттық әлеуетін ұлғайту, отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді мемлекеттік қолдау және астық бағасы демпингінің алдын алу үшін жыл сайын мемлекеттік ресурстарға белгіленген баға бойынша астығы сатып алынады, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге аванс беруге мүмкіндік беретін фьючерстік екі деңгейді астық сатып алу енгізілді.

Бұл ішкі астық рыногын тұрақтандыру және реттеу, көктем-жаз кезеңінде нан және тоқаш-нан өнімдері бағасының негізсіз қымбаттауына жол бермеу мақсатындағы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің тұқым материалына, мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының жемге қажеттіліктерін тұрақты қамтамасыз етуге және мемлекетаралық келісімдердің орындалуын қамтамасыз етуге арналған кейінгі интервенциялар үшін қажет.

Кедейшілік пен жұмыссыздықты азайту, халықтың кірістері мен тұрмыс деңгейінің өсуі, экономиканың басқа салалары көлемінің өсуін қамтамасыз ету, салық базасын кеңейту және бюджетке түсетін кірістер түсімін ұлғайту ауыл шаруашылығын қолдаудың мультипликативтік әсері болады.

Субсидиялау жолымен ауыл, су шаруашылығын мемлекеттік қолдау көзделіп отыр, мұндағы шаруашылық жүргізудің қолайсыз әрі тәуекелді жағдайлары мемлекет көмегін ақтайды.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын және алдағы уақытта Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіруді ескере отырып, заңды тұлғаларды субсидиялау саясаты еңбек өнімділігін жоғарылатуға және отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Келешекте ДСҰ талаптарына сәйкес еңбек өнімділігін және өнім сапасын арттыруға жәрдемдесу сияқты субсидиялаудың рұқсат етілген нысанына көшуді біртіндеп жүзеге асыру қажет.

ДСҰ-ға алдағы кіру отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігіне ерекше талаптар қояды. Бұдан әрі ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру және қайта өңдеу саласында кластерлік бастамаларды іске асыру арқылы аграрлық өндірісті индустрияландыру іске асырылатын болады.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау мақсатында, сондай-ақ ауылдық аумақтарды кешенді дамыту және ауыл тұрғындарын ұлттық стандарттағы өмір сапасы бар қалыпты өмірмен қамтамасыз ету үшін "Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Қазақстан Республикасының Заңы бекітілді.

Аграрлық азық-түлік рыногында бәсекелестікті дамыту және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсаттарына сай

келетін аграрлық индустриялық саясатты іске асыру үшін жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Халықты сапалы ауыз сумен одан әрі қамтамасыз етуге және су ресурстарының тапшылығын қысқартуға бюджет қаражатын бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысымен бекітілген 2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Тұтастай алғанда, 2002-2005 жылдар кезеңінде сумен жабдықтау объектілерін қаржыландырудың ұлғайғаны байқалады.

2003-2004 жылдары негізінен республиканың орман және аңшылық шаруашылығы саласындағы басқару жүйесін қайта ұйымдастыру, облыс әкімдіктерінде орманды және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшелерді құру жөніндегі іс-шаралар аяқталды.

Тұтастай алғанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың алаңы 940 мың гектарға немесе 40%-ға ұлғайды және 3 млн. 286 мың гектарды құрады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды кеңейту жөніндегі барлық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы N 1692 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын 2030 жылға дейін дамытудың және орналастырудың тұжырымдамасына және 2004 жылы өткен Парламенттік тыңдаулар ұсынымдарына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы аумақтарының орманды жерлерін ұлғайту және елді мекендерді көгалдандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 632 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын көгалдандырудың 2005-2007 жылдарға арналған "Жасыл ел" бағдарламасы іске асырылады.

Қоршаған ортаны қорғау жөнінде тиімді әрі нәтижелі шаралар қабылдау үшін қолданыстағы тиісті бағдарламалар шеңберінде қоршаған ортаның ластану деңгейін азайту және оның мониторингі жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Ұзақ мерзімді перспектива шеңберінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысындағы тұрақтылықты дамытуға инвестициялау ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуге, жаңартылып отыратын энергетикалық ресурстар (су

энергиясы, жел және күн энергиясы) әлеуетін пайдалануға Қазақстан бекіткен жағдайда Киот хаттамасының тетіктерін пайдалана отырып, парник газының шығарындыларын азайтуға бағытталған жобаларды қаржыландыруға негізделеді.

Өзен экожүйесіне түсетін ауыртпалықты азайту және олардың ластануы мен қоқыстануын болдырмау мақсатында ірі елді мекендердегі ағынды суларды тазарту жөніндегі іс-шараларға инвестициялар жүзеге асырылады.

Қарағанды облысы Шет ауданындағы шөлейт жерлерді басқару жөніндегі жобаны іске асыру жалғасады.

"Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі" функционалдық тобы бойынша шығыстар шеңберінде:

биотехнологиялар, ядролық технологиялар саласындағы технопарктерді құру, Алатау кентінде Ақпараттық технологиялар паркін дамыту жөніндегі іс-шаралар;

технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерде тікелей инвестициялардың көлемін ұлғайту;

мұнай-газ және кен-металлургия кешені, жаңа материалдар, биотехнологиялар, ақпараттық технологиялар, машина жасау, ауыл шаруашылығы, ғарыштық технологиялар басымды бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу;

технологиялық процестерді халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру;

экспортқа бағдарланған өндірістерді одан әрі дамыту;

жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жұмысын тұрақтандыру және тұрып қалған кәсіпорындарды іске қосу, өндірістерді өнімнің түр-түрін кеңейтуі және шығарылатын өнім сапасын жақсартуға қайта бағдарлау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

жақын және алыс шет елдермен бірлескен кәсіпорындар құру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

мемлекеттік сатып алу жүргізу кезінде ұлттық компаниялар, мемлекеттік органдар мен мекемелер сатып алатын өнімдердің республикадағы өндірісін ұйымдастыру болады.

2003 жылы экономика салаларын әртараптандыру және дамудың шикізаттық бағдарынан ауытқу жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру басталды. 2003-2005 жылдар кезеңінде дайындық сипатындағы іс-шаралар жүзеге асырылды. Бұл кезеңде қажетті қосалқы база қалыптасуы және даму институттарының тиімді жұмыс істеуі жолға қойылуы тиіс.

Құрылған даму институттарының жүйелі жұмысын қамтамасыз ету мақсатында жекелеген даму институттарын капиталдандыру жалғастырылады.

Стратегияны іске асырудың екінші кезеңі (2006-2010 жылдар) Стратегияның іс-шараларын іске асырудың белсенді кезеңіне айналады деп танылуда, бұл ғылым мен техника жетістіктері, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі мамандар даярлау негізінде қуаттарды құру мәселелерін кешенді шешуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңде негізінен ғылыми-инновациялық инфрақұрылым қалыптастырылады және өнеркәсіпті жаңғырту мен экономика құрылымын әртараптандыруға бағытталған жобалар іске асырыла бастайды.

Отандық және шетелдік ғылыми әлеуетті пайдалану негізінде бәсекеге қабілетті түпкі өнім жасауды қамтамасыз ететін ашық түрдегі инновациялық жүйе қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 сәуірдегі N 387 қаулысымен "Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама" бекітілді.

Бұл бағдарлама шеңберінде мемлекет венчурлік капиталға сұранысқа да, оның ұсынысына да:

венчурлік қорларды құруға қатысу;
институционалдық инвесторлар мен қаржы институттарының венчурлік инвестициялауға қатысуы үшін жағдай жасау;
жеке инвесторлар желісін ("бизнес қамқоршысы") құруға жәрдемдесу;
венчурлік инвестициялардың өтімділігін қамтамасыз ету;
ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық әзірлемелер (ҒЗТКӨ) мен инновациялық жобаларды қаржыландыруда жеке капиталмен әріптестік;
инновациялық жобаларды іске асыруда инвестицияларды мемлекеттік сақтандыру жүйесін құру;

инновациялық менеджментті, оның ішінде венчурлік қорлардың менеджмент қызметін жүзеге асыратын кәсіби басқару институттары (басқарушы компаниялар) болуын дамытуға жәрдемдесу жолымен ықпал ететін болады.

Сондай-ақ 2006 жылы металлургия кешенінде, машина жасауда, радио электроникасында және байланыста жоғары технологиялы, импорт алмастыратын және экспортқа бағдарланған өнім өндірісін ғылыми-техникалық қамтамасыз етуге тиісті қаражат бөлу көзделіп отыр.

"Көлік және коммуникация" функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2006 жылы ЖІӨ-нің 1,9%-ы, 2007 жылы 1,7%-ы және 2008 жылы 1,7%-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр.

Көлік-коммуникация кешенін дамытудың негізгі мақсаты оны тұрақты қарқынды дамыту және экономика мен халық тарапынан көлік қызметтеріне сұраныс өзгерген кезде жедел ден қоюды қамтамасыз ету және оны толық көлемде қанағаттандыру болып табылады.

Оған қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді іске асыру:

көлік процестерінің барынша тиімділігіне қол жеткізу және ішкі, транзитті және экспорттық-импорттық бағыттарда түпкі өнім құнындағы көліктік құрамды азайту, Қазақстанның көлік жүйесін әлемдік көлік жүйесіне біріктіру;

ұлттық көлік заңнамасын өңірлік және халықаралық ұйымдар шеңберіндегі халықаралық заңнамамен үйлестіру;

бірыңғай экономикалық кеңістікті нығайту және өңіраралық байланыстарды дамыту, сондай-ақ экономикалық даму мен әлеуметтік тұрақтылыққа кепілдік беретін деңгейде көліктік қол жетімділікті арттыру;

көлік әлеуетін дамыту және оны тиімді пайдалану;

көлік процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көліктегі оқиғалардың санын және ауыртпалығын төмендету;

экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және энергетикалық ресурстарды ұ т ы м д ы п а й д а л а н у ;

көлік секторында қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру қажет.

2006-2008 жылдарға арналған көлік және коммуникация саласындағы шығыстардың бағыттары:

автомобиль жолдарын, су көлігін және ғарыш қызметін дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру;

транзитті әуе кеңістігін, оның ішінде қазақстандық әуежайларды пайдалана отырып кеңейту;

автомобиль жолдарын пайдалануға болатын жағдайда қамтамасыз ету; радиожилік спектрі және радио-электрондық құралдар мониторингі жүйесін құру және оны техникалық сүйемелдеу;

мемлекеттік техникалық өзен флотын жақсарту және жаңғырту; су жолдарының кеме жүретін жағдайда болуын қамтамасыз ету және ш л ю з д е р д і ұ с т а у ;

әлеуметтік маңызы бар бағыттарда темір жол жолаушылар тасымалын с у б с и д и я л а у ;

темір жол саласының стандарттарын әзірлеу;

ауылдағы байланыс операторларының әмбебап байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі залалдарын өтеу;

қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік төлем тарифінің к ө т е р і л у і н ө т е у ;

ауылда почта байланысының инфрақұрылымын құру және қайта жаңарту б о л а д ы .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 2006

-2008 жылдарға арналған жол саласын дамыту бағдарламасы әзірленуде.

Аталған салада қазіргі жол желісін күтіп-ұстау, пайдалану және жолдарды салу, қайта жаңарту арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізу саясатын жүргізу қажет.

Қазақстанның климат жағдайын ескере отырып, автомобиль жолдарын салу мен ұстаудың халықаралық стандарттарына көшу жөнінде жұмыстар жүргізу жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 145 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде мемлекет пен қоғам үшін темір жол көлігі қызметінің оңтайлы жүйесіне қол жеткізу үшін жолаушылар көлігін одан әрі дамыту жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау жалғасады.

Қазақстан Республикасындағы ғарыш қызметін одан әрі дамыту, оның ішінде :

байланыс пен хабар таратудың қазақстандық ғарыш жүйесін дамыту; "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" зымыран-ғарыш кешенін құру жалғасады.

Сондай-ақ 2006-2008 жылдары экономиканың және қоғамның қажеттілігіне сәйкес келетін және сыртқы рыноктарға шығуды қамтамасыз ететін коммуникациялардың техникалық жағдайын жақсарту, коммуникациялардың ұтымды желісін қалыптастыру көзделіп отыр.

Тарифтерді қайта теңгерімдеу қызметкер мен абоненттер санаттары арасындағы кросс-субсидиялауды жоюға және телекоммуникациялық рыноктың әрбір секторында бәсекенің пайда болуы үшін экономикалық негіздер құруға бағытталған. Ол тарифтерді мемлекет жалпыға бірдей қол жетімді қызметтер пакетіне жатқызғандардан басқа барлық қызметтерге қалыпты рентабелділікті қамтамасыз етуге дейін жеткізуді көздейді.

Тарифтерді кезең-кезеңімен қайта теңгерімдеуді жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұл ретте қалаларда тарифтерді толық қайта теңгерімдеуді жүзеге асыру және оларды нарықтық негізделген деңгейге дейін жеткізу ұйғарылып отыр, бұл операторларға өз шығындарының орнын толтыруға және пайдалылықтың осы рынок сегментіндегі бәсеке нәтижесінде белгіленетін белгілі деңгейін алуға мүмкіндік береді. Ауылдық жерлердегі қайта теңгерімдеу тарифтерінің төмендеуі болжанып отырған қалааралық және халықаралық байланыс қызметтері бойынша жүзеге асырылады. Ауылдағы жеке тұлғалар үшін абоненттік төлем қызметтердің өзіндік құнын ақтамайтын бұрынғы деңгейде

қ а л а д ы .

"Басқалар функционалдық тобы бойынша шығыстарды 2006 жылы ЖІӨ-нің 1,5%-ы, 2007 жылы 1,2%-ы және 2008 жылы 0,9%-ы деңгейінде болжау ұйғарылып отыр .

Шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын кеңейту маңызды аспектілердің бірі болады. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының базасында (бұдан әрі - Қор) "үлкен қаржы маркеті" құрылады.

Қорға жарғылық капиталын ұлғайту үшін, оның ішінде: шағын кәсіпкерлік субъектілеріне одан әрі шағын кредиттер беруді қамтамасыз ету үшін Қордың жүз пайыз қатысуымен шағын кредит беру ұйымдарын құру үшін ;

олардың жеке инвесторлар мен банктерден кредиттер алған кезде шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін кепілдік беру жүйесін құру үшін;

жобалық кредит беруді қаржылық қолдау үшін, франчайзинг негізінде жобаларды қаржыландыру, бизнес-жобаларды әзірлеу үшін, одан кейін оларды конкурстық негізде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берумен олардың бастапқы элементтерін іске асыру үшін, оларды одан кейін қайта құрылымдап және кәсіпкерге бере отырып, дайын бизнесті сатып алу жөніндегі жобаларды қаржыландыру үшін 2005 жылы республикалық бюджеттен 11 миллиардтан астам теңге бөлінді.

5. Бюджеттік кредит беру

Бюджеттік кредит беру саясаты экономика саласында шешімдерді қабылдау рәсімдеріне қойылатын талаптардан туындайды.

2006-2008 жылдарға арналған бюджеттік кредит берудің мақсаттары экономика салаларында бәсекелі ортаны қалыптастыру әрі дамыту, сондай-ақ адами капиталды дамыту болып табылады. Бюджеттік кредит беру мемлекеттік және салалық (секторалдық) даму бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылады және олардың уақыттық шеңберлері болады.

Бюджеттік кредиттер мынадай негізгі бағыттар бойынша беріледі: инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қаржыландыру; мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау; жергілікті атқарушы органдарға, оның ішінде жергілікті бюджеттердің кассалық алшақтығын жабуға кредит беру;

қаржы агенттіктері мәртебесі бар қаржылық даму институттарына кредит р е с у р с т а р ы н б е р у .

Жүргізілетін сыртқы саясатқа қарай бұдан былай қарыз алушылардың санаттары шетелдік мемлекеттермен толықтырылуы мүмкін.

Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы республикалық бюджеттен инвестициялық жобаларды қаржыландыруға, сондай-ақ кассалық алшақтықты жабуға бюджеттік кредиттер алу нысанында ғана жүзеге асырылатын болады.

Жергілікті атқарушы органдардың кредит саясаты тек мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік даму бағдарламаларын іске асыруға ғана шоғырландырылады. Жергілікті бюджеттерден бюджеттік кредит беру қарыз беруші банктер мен қаржы агенттігі мәртебесі бар қаржылық даму ұйымдары а р қ ы л ы жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Қаржы агенттіктері мәртебесі бар қаржылық даму ұйымдарына бюджеттік кредит беруді тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда нақты қаржылық даму ұйымына кредит беруге қаражат көздей отырып, осы орайда бұл қаражатты пайдаланудың мақсаттары мен бағыттарын айқындай отырып, кредит ресурстарын беру жолымен жүзеге асырған орынды.

Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2005-2006 жылдары 84 млрд. теңге сомасында Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне жеңілдіктермен кредит беру және жергілікті атқарушы органдарға тұрғын үй салуға сыйақының нөлдік ставкасы бойынша бюджеттік кредит беру, сондай-ақ 2007 жылы 2005 жылы кредитке берілетін 42 млрд. теңгені қайта инвестициялау жүзеге асырылатын б о л а д ы .

Орта мерзімді перспективада кредит қаражатын тиімді пайдалануға, кредиттерді қайтару жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды жоғарылатуға, қарыз алушылардың бюджет алдындағы мерзімі өткен берешектерін азайтуға жәрдем ететін бюджеттік кредит беру рәсімдері мен тетіктерін жетілдіру жалғасатын болады.

Орта өлшемді қарыз алу ставкасының болжанып отырған төмендеуіне байланысты түпкілікті қарыз алушылар үшін пайыздық ставкаларды азайту мүмкіндігі пайда болады, бұл кейіннен сыйақы ставкасын өтеу практикасынан бас тартуға мүмкіндік береді.

6. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар

Орта мерзімді перспективада мемлекеттік активтерді басқару саласындағы мемлекеттік саясат экономиканың стратегиялық маңызды салаларын дамытуды, соның ішінде мемлекеттік меншіктің мақсаты әрі тиімді пайдаланылуын бақылау жүйесін қалпына келтіру және күшейту, мемлекеттік меншіктің құрылымын оңтайландыруды жүзеге асыру жолымен реттеуге бағытталған.

Қаржы активтерін сатып алу экономиканың стратегиялық салаларына мемлекет тарапынан елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге,

сондай-ақ оларды тиімді дамытуға бағытталған тиісті бақылау орнату құралдарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік меншікке заңды тұлғалардың акцияларын, қатысу үлестерін сатып алу Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады. Жалпы мемлекеттік міндеттерді орындау мақсатында экономиканың стратегиялық салаларында жұмыс істейтін, бірақ меншік иелерін тиімді басқармайтын кәсіпорындардың акциялары, қатысу үлестері, сондай-ақ қоғамдық және әлеуметтік маңызды кәсіпорындардың акциялары, қатысу үлестері сатып алу (иелікке алу) объектілері ретінде танылатын болады.

Халықаралық ұйымдардың бағалы қағаздарын сатып алу қолданыстағы заңдар шеңберінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының мүдделерін халықаралық деңгейде қорғауға бағытталады.

Мемлекеттің қаржы активтері - акциялардың мемлекеттік пакеттерін, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың және мемлекеттік меншіктің өзге де объектілерінің қатысу үлестерін сату - тиісті бағдарламалық құжаттарды іске асыру шеңберінде белгілі бір салалар мен нақты кәсіпорындарға қатысты жекешелендіру мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Бюджетаралық қатынастар

Орта мерзімді кезеңдегі бюджетаралық қатынастар саясатының негізгі мақсаты мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріне бекітіліп берілген мемлекеттік қызметтерді толық көрсетуі және өздеріне жүктелген функцияларды жүзеге асыруы үшін оларды жеткілікті қаржы қаражатымен қамтамасыз ету болып табылады.

Бюджетаралық қатынастар Бюджет кодексінде белгіленген қағидаттардан және түсімдер мен шығыстардың бюджет деңгейлері арасында бөлінуінен бастау алады әрі өзара қатынастардың, ең алдымен, облыс-аудан деңгейіндегі анықтығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге, әрбір басқару деңгейінің дербестігін күшейтуге, сондай-ақ тиімді бюджет саясатын жүргізуге бағытталған.

Бюджет кодексіне сәйкес бюджетаралық қатынастар ресми трансферттер мен бюджеттік кредиттер арқылы, облыстық және аудандық бюджеттер арасында, сондай-ақ кірістерді бөлу нормативтерімен реттелетін болады.

Ресми трансферттер жалпы сипаттағы ресми трансферттер, ағымдағы мақсатты трансферттер, дамуға мақсатты трансферттер болып бөлінеді.

Аумақтардың экономикалық дамуының тым күшті саралануы салдарынан кіріс базасының өңірлер арасында біркелкі бөлінбеуіне байланысты халықтың мемлекеттік сектордың қызметтер көрсетуіне тең қол жеткізуіне жету үшін

өңірлердің бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейін теңестіру саясаты жүргізіледі.

2005 жылдан бастап үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемін айқындау Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған жалпы сипаттағы ресми трансферттерді есептеу әдістемесі негізінде жүргізіледі.

Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлардың 2005-2007 жылдарға арналған көлемі Қазақстан Республикасының Заңымен, ал облыстық бюджет пен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттері арасында - абсолютті көріністе облыстық мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген. Бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлардың көлемі әр үш жыл сайын өзгертілуі тиіс, осыған байланысты 2007 жылы 2008-2010 жылдарға арналған жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемі туралы Қазақстан Республикасы Заңының және облыстық мәслихаттар шешімдерінің жобалары әзірленеді.

Орта мерзімді кезеңге арналған субвенциялар мен алып қоюлардың мөлшерін бекіту тұрақтылығы жергілікті атқарушы органдардың салық әлеуетін ұлғайтуға мүдделілігін, жергілікті бюджеттердің шығыстарын жоспарлаудың анықтығын қамтамасыз етеді. Жергілікті атқарушы органдар республикалық бюджет жобасының жасалуын күтпей, жергілікті бюджет жобасын қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Жалпы сипаттағы ресми трансферттердің үш жылдық көлемінің әрекет ету кезеңінде мақсатты ағымдағы трансферттер бюджетаралық қатынастарды реттеу құралы болады.

Алдағы кезеңде төмен тұрған бюджеттерге қосымша функциялардың шығасыларды тиісті өтеусіз жүктелуіне жол бермеу қағидаты қатаң сақталады.

Жоғары тұрған органдар жалпы сипаттағы ресми трансферттердің үш жылдық көлемінің әрекет ету кезеңінде жергілікті бюджеттер шығыстарының ұлғаюына немесе кірістерінің азаюына әкеп соғатын нормативтік құқықтық актілерді қабылдаған жағдайда, төмен тұрған бюджеттердің шығасыларын өтеу мақсаты ағымдағы трансферттерді бөлу жолымен жүргізіледі.

2005 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік қызметшілер мен бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы орта есеппен 32%-ға, 2007 жылдан бастап 30%-ға көтеріледі, сондай-ақ кәсіптік орта білім беретін ұйымдар оқушыларының стипендия мөлшері екі еседен астам ұлғайтылады.

Жалақы мен стипендияның көтерілуіне байланысты шығасыларды өтеуге республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге ағымдағы нысаналы трансферттер көзделген.

Ағымдағы нысаналы трансферттер қолданыстағы және әзірленетін

мемлекеттік, салалық (секторалдық) немесе өңірлік бағдарламаларды орындауға
б е р і л е т і н б о л а д ы .

Нысаналы даму трансферттері мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламаларды көзделген жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыру үшін беріледі.

Бұл ретте төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттерін беру, олардың көлемі өңірлердің білім беру мен денсаулық сақтаудың басымды мекемелері желісімен, сумен жабдықтау қызметтерінің көрсетілуімен қамтамасыз етілу деңгейін теңестіру міндеттерімен өзара байланысты болады.

Бюджеттік даму бағдарламаларының орта мерзімді кезеңге арналған жергілікті деңгейдегі басымды бағыттары білім беру, денсаулық сақтау, ауыз сумен жабдықтау объектілерін салу және тұрғын үй салу болады.

Нысаналы трансферттерді тек мақсатты бағытына сәйкес пайдалану мүмкіндігіне байланысты, оларды пайдалану тиімділігін бақылауды күшейтуге ерекше назар аударылатын болады.

Алдағы үш жылдық кезеңде билікті одан әрі орталықсыздандыруға, мемлекеттік басқару жүйесін реттеуге және оның тиімділігін арттыруға бағытталған атқарушы билік реформасы жалғасады. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және Жергілікті өзін өзі басқаруды қолдаудың және дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленеді.

2006 жылдан бастап мәслихаттардың бақылау өкілеттіктерін кеңейту көзделіп
о т ы р .

Бюджетаралық қатынастар саясаты жүргізілген жұмыс нәтижелерімен үйлестіріледі.

8. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқару

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш мемлекеттің көптеген мемлекеттік бюджет, инфляция деңгейі, шетелдік инвестициялар, төлем балансы, ақша-кредит саясаты және валюта жүйесі сияқты құрамдауыштарына ықпал ететін, оның қаржы жүйесінің негізгі бөлігі болып табылады.

Елдің ішкі экономикалық тұрақтылығы және Қазақстан Республикасының халықаралық қаржы рыноктарындағы ұстанымы мемлекеттік борышты тиімді басқаруға байланысты. Сыртқы берешек дағдарысы экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік-саяси сипаты бар келеңсіз салдары болуы мүмкін.

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша үкіметтік борыш 586,4 млрд.теңге (ЖІӨ-ге 10,6 %) немесе 4,5 млрд. АҚШ долларын құрады.

Мемлекет кепілдік берген борыш 82,3 млрд.теңге (ЖІӨ-ге 1,5%) немесе 0,6 млрд.теңге АҚШ долларын құрады.

Қазақстан Республикасының үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышы 668,7 млрд.теңге (ЖІӨ-ге 12,1%) немесе 5,1 млрд.теңге АҚШ долларын құрады.

ЖІӨ-ге қатысты үкіметтік борыш 2000 жылдан бастап төмендейді және болжамдар бойынша осы үрдіс сақталатын болады.

2-диаграмма

(қағаз мәтіннен қараңыз)

Үкіметтік борыштың құрылымындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің ішкі борышының үлесі 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 39,4% (231,1 млрд.теңге немесе 1,8 млрд. АҚШ доллары) құрады, Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы борышының үлесі 60,6% (355,3 млрд. теңге немесе 2,7 млрд. АҚШ доллар) құрады.

Үкіметтік борыштың құрылымындағы сыртқы борыш үлесі де азаю үрдісіне ие.

3-диаграмма

Үкіметтік борыш құрылымының 2000-2004 жылдардағы серпіні

(қағаз мәтіннен қараңыз)

2005 жылғы 1 қаңтарға үкіметтік борыштың ішкі құрылымында жалпы көлемнің (205,5 млрд.теңге немесе 1,6 млрд. АҚШ доллары) 89%-ын мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер (МЕОКАМ), 9% - мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелер (МЕККАМ) құрады.

2005 жылғы 1 қаңтарға үкіметтік борыштың сыртқы құрылымындағы халықаралық қаржы ұйымдарына міндеттемелер (Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі, Ислам Даму Банкі) үкіметтік сыртқы борыштың жалпы көлемінің 52,6%, шетел мемлекеттерінің үкіметтеріне (Сауд Аравиясы, Кувейт, Австрия, Швеция, Корея, Жапония, Германия, БАӘ) - 25,4%, шетелдік коммерциялық банктерге - 9,2%, капиталдың халықаралық рыноктарына эмиссиялайтын мемлекеттік бағалы қағаздар - 12,8% құрады.

Үкіметтік сыртқы борыштың валюталық құрылымы жеткілікті дәрежеде әртараптандырылмаған. 2005 жылғы 1 қаңтарға АҚШ долларының үлес салмағы 70,6%-ды құрады, жапон йені - 24,4%, арнайы қарыз алу құқықтары - 2,1%, евро - 1,1%, өзгелері - 1,8%.

Қазіргі уақытта қалыптасқан АҚШ долларының едәуір басым болуымен сыртқы борыштың валюталық құрылымы айтарлықтай валюталық тәуекелдерге бейім. Валюталық тәуекелдерге байланысты шығасыларды азайту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің борыштық портфелін әртараптандыру қажет.

Халықаралық ұйымдардың бағалауы бойынша Қазақстан Республикасы қалыпты борыш деңгейімен бір тұрғынға орташа кіріс деңгейі бар елдер тобына жатады. Қазақстан Республикасының үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышының көрсеткіштері 1992 жылғы 7 ақпандағы Маастрихск шартында Еуропалық Одақ елдері үшін белгіленген мемлекеттік борыш жөніндегі макроэкономикалық көрсеткіштер өлшемдерінен аспайды.

Елдегі экономикалық тұрақтылық пен тартымды инвестициялық ахуал елдің беделінде оң тұрғыдан көрінді.

Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасында бірінші болып қазіргі таңда үш озық халықаралық рейтингтік агенттіктердің инвестициялық с ы н ы п р е й т и н г і н е и е .

"Moody's Investors Service" халықаралық рейтингтік агенттіктің барлық рейтингтері бойынша болжамдар "оң", Standard & Poor's және Fitch Rating's Ltd. халықаралық рейтингтік агенттіктер рейтингтерінің "тұрақты" деген болжамы б а р .

2005 жылдың қаңтарында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы Қазақстанның рейтингін көтеру және республиканы 5-тен 4-ші тәуекел тобына ауыстыру туралы шешім қабылдады.

10-кесте

Көрсеткіштердің атауы	ЕО елдері үшін	Қазақстан
Үкіметтік борыштың ЖІӨ-ге қатынасы, %	60	10,6
Сыртқы үкіметтік борыш көлемінің тауарлар мен қызметтер экспортына қатынасы, %	200	13,5
Сыртқы үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борыш көлемінің ЖІӨ-ге қатынасы, %		8,0

2006-2008 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш саласындағы саясаты мынадай екі бағытта іске асырылатын болады:

жүргізіліп жатқан жинақтар саясатын ескере отырып, қалыптасып отырған бюджеттің мұнай емес тапшылығы мөлшері негізінде республикалық бюджет пен үкіметтік борыш тапшылығының өлшемдерін айқындау;

үкіметтік борыш құрылымындағы сыртқы борыш үлесін біртіндеп азайту.

Республикалық бюджет тапшылығы мен үкіметтік борыш параметрлерін айқындау жүргізіліп жатқан жинақтау саясатын ескере отырып, бюджеттің

калыптасып отырған мұнайдан тыс тапшылығының мөлшері негізінде жүзеге асырылады.

Экономикалық өсу жағдайларында, әсіресе табиғи ресурстардың бір бөлігін қаржы активтеріне айырбастауға ұмтылушы елдер үшін экономиканың "тым қызып кетуін" болдырмау мақсатында бюджет тапшылығы мен мемлекеттік борыш мөлшерін қысқартудың орынды екендігіне әлемдік тәжірибе куә.

Мысалы, 1995 жыл соңындағы жағдай бойынша Норвегияның мемлекеттік борышы шамамен 43,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Алайда, бюджет профицитінің мақсатты бағытталу саясатын жүргізу нәтижесінде 2000 жылдың аяғында мемлекеттік борыш 30,4 млрд. АҚШ долларға дейін қысқарды. Бұл ретте, экономиканың "тым қызып кетуін" болдырмау мақсатында бір мезгілде мұнай өнімдерін сатудан түскен қаражаттың жоспардан тыс түсімдерін Мұнай қорында жинақтау жүргізілді (1990 жылы мұнай бағалары өсуінің құбылуына байланысты құрылған болатын, Қорға алғаш түскен түсімдер 1996 жылы шамамен 300 млн. АҚШ долларын құрады. 2002 жылдың соңындағы жағдай бойынша Мұнай қорының активтері 91,3 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл елдің мемлекеттік бюджетінен (2002 жылы шамамен 77 млрд. АҚШ доллары) асып түсті.

Нәтижесінде 3-5 жыл ішінде Норвегия үкіметтік борыш мөлшерін едәуір қысқартуға қол жеткізді. Бұл ретте, Мұнай қорында жинақталған қаражат Үкіметтің қабылданған міндеттемелерін орындау қабілетіне кепілдік береді және дефолттың басталу мүмкіндігін болдырмайды, өйткені қазіргі уақытта елдің мемлекеттік борышы Мұнай қоры мөлшерінің кемінде 45 %-ын құрайды (2002 жылдың соңындағы жағдай бойынша Норвегияның мемлекеттік борышы 2001-2002 жылдар кезеңінде негізінен АҚШ долларына норвегия кроны бағамының нығаюы нәтижесінде доллар көрінісінде ұлғая отырып, 39,3 млрд. АҚШ долларын құрады).

Сонымен қатар, біздің елде қалыптасқан жағдай бойынша Қазақстан Республикасы бір жағынан, Ұлттық қор арқылы әлемдік қор рыноктары мен несиелік капитал рыноктарына қаржы ресурстарын инвестициялайды, ал екінші жағынан сыртқы қарыздарды тартады. Бұл ретте тартылған қарыздарға қызмет көрсетуге арналған шығыстар Ұлттық қор активтерін түрлі қаржы құралдарына орналастырудан түскен кірістерден асып түседі, бұл сайып келгенде жүргізілетін қарсы операциялар бойынша теріс маржаны қалыптастырады. Ел нетто-кредитор болып отырған шақта, мұндай практиканы жалғастыруға жол бермеу керек. Ұлттық қор активтерімен жасалатын операциялардан алынатын кірістер сомасы осы уақыт кезеңіндегі үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстар сомасынан артық болуы тиіс. Бұл шартты орындау үшін бюджеттің мұнайдан тыс тапшылығы мен үкіметтік борыш мөлшерін қысқарту қажет.

Мемлекеттің борышты азайту саясатына бейімділігі Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін арттыруға жәрдем етеді.

Сонымен қатар, мұнайға әлемдік баға төмендеген және елдегі экономикалық ахуал нашарлаған жағдайда экономикалық өсуді ынталандыру мақсатында қосымша инвестициялар тарту арқылы бюджет тапшылығын ұлғайтуға қайта бағдарлануға болады.

Үкіметтік борыш құрылымындағы сыртқы борыш үлесін біртіндеп азайту республикалық бюджет тапшылығын қаржыландырудың жалпы құрылымындағы сырттан қарыздар есебінен республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үлесін азайту жолымен жүзеге асырылатын болады.

Борыштық портфельдің бар құрылымы дағдарыстың және валюталар бағамының, энергия көздеріне пайыздық ставкалар мен әлемдік бағамдардың ауытқуы нәтижесінде қаржы шығасыларының пайда болу тәуекеліне едәуір бейім және осы көзқарас тұрғысынан алғанда осал, экономикалық қауіпсіздіктің өлшемдеріне сәйкес келмейтін болып табылады. Үкіметтің борыштық портфелін әртараптандыру мақсатында бір мезгілде ішкі рыноктағы қарыз алуды ұлғайта отырып, сыртқы қарыз алу көлемін қысқарту қажет.

Ішкі қарыз алу көлемін ұлғайту зейнетақы активтерін орналастыру үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына сенімді әрі өтімді қаржы құралдарын (мемлекеттік бағалы қағаздарды) беру қажеттігімен байланысты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1385 қаулысымен Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді. Бұл Бағдарламада зейнетақы қорларының, соның ішінде, зейнетақы активтерінің кірістілігі мен рыноктағы қаржы құралдарының тапшылығын азайту проблемаларының шешімдері көзделген. Аталған проблемаларды шешу 1 жылдан 30 жылға дейінгі әртүрлі өтеу мерзімдері бар және кірістілігі инфляцияның болжамды деңгейінен төмен емес немесе инфляция деңгейіне байланысты мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыру жолымен елдің ішкі рыногындағы ұзақ мерзімді мемлекеттік қарыз алудың Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ұлттық банкі арасында келісілген саясатын тұжырымдау арқылы іске асырылады.

2006-2008 жылдары мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш саласында жүргізіліп жатқан саясат шеңберінде мынадай міндеттерді шешу көзделеді (бағыттар бойынша):

1) бюджет тапшылығы мен борыш параметрлері:

Мемлекет басшысы айқындаған міндеттерді ескере отырып, орта мерзімді перспективада мұнайдан тыс тапшылықтың мөлшері мен бюджет теңгерімділігіне қол жеткізуге негізделе отырып, республикалық бюджет тапшылығының параметрлерін айқындау;

жинақтау жөніндегі саясат шеңберінде үкіметтік борыштың оңтайлы мөлшерін анықтау ;

2) ішкі қарыз алу :

жылдар және қағаз түрлері бойынша бөліністегі мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының орта мерзімді кезеңге арналған үлгі схемасын жасау;

ішкі қарыздарды тарту мерзімдеріне қарай түрлі қарыз алу құралдарын пайдалану ;

рыноқтағы ахуалға байланысты қарыз алудың жалпы көлеміндегі индекстелген және купондық міндеттемелер арасындағы оңтайлы ара қатынасты белгілеу жолымен пайыздық тәуекелдерді азайту;

бағалы қағаздар рыногында ("benchmark") бағдарлар белгілеу; жалпы шығару санын азайта отырып, мемлекеттік бағалы қағаздар шығару көлемін ұлғайту ;

айналым мерзімін ұлғайта отырып, пайыздарды төлеудің мерзімділігін азайту ;

міндеттемелердің орындалмау тәуекелін азайту әрі қысқа және орта мерзімді перспективада ішкі үкіметтік борышты өтеу жөніндегі төлемдер төлеудің ең жоғары шегін төмендету, бұл үшін, негізінен орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығаруға қайта бағдарлану ұйғарылып отыр;

3) сырттан қарыз алу :

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына , Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасына, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарына, тиісті орта мерзімді кезеңге арналған донор - халықаралық қаржы ұйымдарының елдік бағдарламаларына сәйкес, Қазақстан Республикасын дамытудың стратегиялық маңызды мәселелерін шешуге бағытталған инвестициялық жобаларды қаржыландыруға сырттан қарыздарды тарту;

экономиканың басым салаларында, оның ішінде:

- ауыл, су және орман шаруашылығында;

- жол саласында ;

- өндірістік инфрақұрылымды дамыту үшін;

- астананы одан әрі дамыту үшін сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын жаңа инвестициялық жобаларды дайындау;

жаңа жобаларды іріктеуге және Қазақстанның Даму Банкінің қайтарымды негізде қаржыландыруы ұсынылатын инвестициялық жобалардың банктік сараптамасын жүзеге асыруына қойылатын талаптарды күшейту;

республикалық инвестициялық жобалар тізбесіне қосылатын жобалардың дайындалу және сарапталу сапасын жақсартуда көрінетін қарыз қаражатын

т и і м д і

п а й д а л а н у ;

теңгенің айырбас бағамы өзгерген жағдайда келеңсіз салдарларды азайту мақсатында қарыздардың валюталары бойынша Үкіметтің сыртқы қарыздар портфелін әртараптандыру;

бір мезгілде Үкіметтің бірлесіп қаржыландыру үлесін ұлғайта отырып, сатып алу рәсімдері бойынша шектеулерді донорлардың жақсартуы шартымен инвестициялық жобаларды қаржыландыруға сырттан қарыздарды тарту;

4) борышты өтеу және оған қызмет көрсету:

үкіметтік қарыздарға қызмет көрсетуде неғұрлым қымбаттарын мерзімінен бұрын өтеу арқылы үкіметтік борышты белсенді басқару;

жергілікті атқарушы органдардың мерзімі өткен борыштық міндеттемелерді өтеу жөнінде және реттелмеген борыштық міндеттемелер проблемаларын тез арада шешу жөнінде белсенді шаралар қабылдауы;

фискалдық тәуекелдерді болжау - АҚШ долларына теңгенің айырбас бағамының, шетел валюталарының "росс-бағамдарының, пайыздық ставкалардың өзгеруі, әлемдік бағалар конъюнктурасының өзгеруі салдарынан Ұлттық қорға қаражаттың жеткіліксіз түсуі.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мемлекеттік борыштың қауіпсіз деңгейде сақталуын қамтамасыз етуі, оның құрылымын оңтайландыруы әрі орта және ұзақ мерзімді перспективада бюджеттің тұрақтылығын жоғарылатуы тиіс.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының экономикасы баға өзгерістерінің үш түрі:

әлемдік тауар бағаларының ауытқуы;

валюта бағамдарының ауытқуы;

әлемдік ақша рыноктарындағы пайыздық ставкалардың ауытқуы туындататын қауіптерге бейім, бұларды ішкі саясат құралдарымен бақылау мүмкін емес.

Б ұ ғ а н :

ел өндірісі құрылымының көлемінде сыртқы рынокқа жеткізілетін шикізаттық тауарлардың, ең алдымен мұнайдың ауқымды орын алуы;

Қазақстанның сыртқы қарыздарының түрлі валюталарда көрінуі; борыштың басым бөлігін құбылмалы пайыздық ставка шарттарында жасалған міндеттемелердің құрауы себеп болды.

Әлемдік тауар бағаларының тәуекелдері (мұнай бағаларының мысалында).

Мұнай бағаларының төмен болуы да, жоғары болуы да Қазақстан экономикасы үшін келеңсіз салдарларды тудыруы мүмкін.

Мұнайдың әлемдік бағасы бір баррель үшін 19 АҚШ долларынан төмен

азайған жағдайда, тасымалдауға арналған шығындарды есепке алғанда, жекелеген кен орындарында мұнай өндіру рентабельді болмайды, бұл мұнай өндіру көлемін азайтуға алып келеді. Қазақстандағы шетелдік капиталдың басым бағыты өндіруші сектор болып табылатындықтан, энергия көздерінің төмен бағалары елдің инвестициялық тартымдылығын азайтады.

Мұнай өндіруші кәсіпорындар кірістілігінің азаюы экономиканың аралас салаларындағы өндіріс көлемін азайтуға алып келеді. Атап айтқанда, бұл көлік, сауда, байланыс салаларындағы қаржы секторының қызметтері саласындағы өсу қарқындарына әсер етеді. Осылайша, ел экономикасының жалпы өнімділігі төмендейді, бұл, сайып келгенде, инфляциялық процестердің күшеюіне және мемлекеттік бюджет кірістерінің азаюына алып келеді.

Мұнайдың жоғары әлемдік бағалары жағдайында теңгенің нақты айырбас бағамын күшейту жағына едәуір қысым көрсетіледі. Қазақстанда өзінің ұлттық валютасында жоғары кірістер алу мүмкіндігін иеленетін импорттаушылар үшін қазақстандық рынок аса тартымды болады. Бір мезгілде қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі төмендейді, жұмыс орындары азайып кетеді.

Қолма-қол ақшаның едәуір ағыны нәтижесінде инфляцияның монетарлық факторлары күшейеді.

Валюталық тәуекелдер

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының сыртқы қарыз алуының валюталық құрылымы АҚШ долларын, арнаулы қарыз алу құқығын (АҚК), жапон йенін, евроны (неміс маркасындағы, австрия шиллингіндегі бұрынғы борыштарды қоса алғанда), швейцария франкін, ағылшын фунт стерлингін, сауд реалын және өзге де валюталарды қамтиды. Соның салдарынан доллар көрінісіндегі борышқа қызмет көрсету жөніндегі төлемдер мөлшері кросс-бағамдарының (АҚШ долларына қатысы бағамдардың) өзгеруіне өте бейім.

Пайыздық тәуекелдер

Қазақстан Республикасына халықаралық қаржы ұйымдары кредиттерінің және экспорттық кредиттердің едәуір бөлігі құбылмалы пайыздық ставка (LIBOR халықаралық қаржы ұйымдарының ставкалары) шарттарымен берілген. Абсолюттік көрсеткіштер тұрғысынан алғанда пайыздық ставкалардың өзгеруіне байланысты тәуекелге бейімділік зор: базалық пайыздық ставканың бір тармаққа өзгеруі қысқа мерзімдіні қоса алғанда, борышқа қызмет көрсету жөніндегі төлемдердің өзгеруін білдіреді. Сондықтан, егер нарық жағдайларында сыртқы қаржыландыруға тәуелділік ұлғаятын болса, сыртқы берешектің жағдайы пайыздық ставкалардың өзгеруімен байланысты үлкен тәуекелге ұшырауы мүмкін.

Қазіргі уақытта бар, тұрақты экономикалық өсуге және маңызды стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтіретін тәуекелдерді ішкі факторларға жатқызуға болады. Бұл тәуекелдер мыналардан:

белсенді жаңартуға, сондай-ақ оған қызмет көрсету үшін жоғары білікті мамандар даярлауға қомақты инвестициялар талап етілетін табиғи тозған және моральдық ескірген жабдықтың экономикада басым болуынан;

негізгі өнім массасының әсіресе өндіріс құралдарының бәсекеге қабілеттілігінің төмендігінен;

тауарлар мен қызметтер көрсетудің ішкі рыногында жеткілікті бәсекенің болмауынан көрінеді.

Ұлттық қорда қаражат жинақтаудың және оларды елден тыс жерлерде орналастырудың, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқарудың мемлекеттік саясаты, Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясы фискалдық тәуекелдердің ықтимал келеңсіз салдарларының алдын алуға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің фискалдық стратегиясын белгілейді, бар мемлекеттік ресурстар көлемі мен үш жылға арналған негізгі фискалдық басымдықтарды айқындауға мүмкіндік береді.

Келешекте орта мерзімді фискалдық саясаттың рөлін осы құжатты әзірлеген кезде көзделген мақсаттар қаншалықты дәрежеде орындалғаны бойынша бағалауға болады.